



● ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ



"Нұр Отан" келелі міндеттер жүктейді

Кеше "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының ХХІ-ші конференциясы өтті

Айбек КЕДІРҰЛЫ

"Біздің алдымызда тұрған міндет қоғамда партияның беделін күшейту, сондай-ақ елдің

партияға деген сенімін нығайту. Бұл Елбасының жүктеген тапсырмасы", – деп атап көрсетті "Нұр Отан" партиясы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов.



СУРЕТТЕ: Асқар Мырзахметов Архимед Мұхамбетовке куәлік тапсыруда.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Алтын шыққан жерді белден қаз

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов жұмыс сапарымен Таран ауданында болып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.

Өңір басшысы атбасын бұрған алғашқы нысан Таран ауданындағы "Варваринское" акционерлік қоғамы. Аталмыш кен орыны аудан экономикасына елеулі үлес қосып отырған кәсіпорындардың бірі де бірегейі. Себебі бұл жерден шыққан алтын мен мыс шетелдерге экспортталады.

1995 жылы іске қосылған кешен алтын-мыс кенін өндіріп, өңдейді. Кен байыту зауытында "Доре" алтын құймасы мен мыс концентраты өңделеді. Аталған жұмыс процесі зауыттың төрт диірменінде іске асады.

Кәсіпорын халықты жұмыспен қамтумен қатар, жыл сайын аудандық және облыстық әкімдікпен бірлесе, әлеуметтік-экономикалық әріптестік туралы меморандумға қол қояды. 2010-2015 жылдар



аралығындағы меморандумдарға сәйкес, кәсіпорын ауданның әлеуметтік саласының дамуына 700 млн.теңгеден астам қаржы құйды.



СУРЕТТЕ: облыс әкімі Архимед Мұхамбетов Таран ауданында.



100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

100
80
60
40

Синий
Красный
Желтый
Черный

● БӘРЕКЕЛДІ!

Манапбек тағы
мойындаттыӘлібек
ЫБЫРАЙ

Ресейдің Екатеринбург қаласында өткен "Берега Надежды" 49-шы халықаралық фестиваль - байқауынан жерлестеріміз жүлделі оралды. Ересектер мен кәсіби шығармашылық ұжымдар арасында өткен сында Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның әншісі Манапбек Кәдіров 1-ші орынды жеңіп алды.



Халықаралық өнер фестиваліне ТМД және алыс шетелдерден жүздеген әншілер қатысқанын ескерсек, музыка додасының оңайға соқпағанын бағамдауға болады.

Манапбек ресейлік әділқазылардың алдында Ахмет Байтұрсынұлының "Аққұм" әні мен Балуан Шолақтың "Ғалия" әнін шырқап, тыңдармандарды аса тәтті етті. Сөйтіп, қазақтың өнерін бүкіл дүниежүзіне паш етті.

Айтпақшы, іріктеу турынан сүрінбей өткен әншілер келесі жылы Ялтада өтетін финалдық сайысқа қатысады. Біздің облыстан аты аталған байқауға Манапбектен өзге Рамина Сармурзина, Марал Мұхтаров және Алина Герасим тәрізді жасөскін әншілер қатыспақ. Бұлардың бәрі Манапбек ағасы сияқты Екатеринбург қаласында өткен фестивалде жүлделі бірінші, екінші орындарды еншілеп қайтқан еді.

СУРЕТТЕ: әнші-термеші Манапбек Кәдіров.

"Қайырымдылық
жәшігі"қаламыздағы емханаларда да
орнатыла бастадыҚарлығаш
ОСПАНОВА

Жақында Қостанайда Жастар бастамалары орталығының қолдауымен "қайырымдылық жәшігі" пайда болған еді. Осыған дейін мұндай жәшік тек орталық әмбебап дүкенінде орнатылған болатын. Бұл жәшікке адамдар өздеріне керексіз, ескі, қажет емес бұйымдары мен киім-кешектерін салуға болады. Ал, жиналған заттарды жастар Қостанай, Рудный, Лисаков қалаларындағы балалар үйлері мен мұқтаж отбасыларына тарататын болады.



Жастардың бұл бастамасына енді қаламыздағы денсаулық сақтау мекемелері де қолдау білдірде. Мұндай жәшікті алғаш болып қаламыздағы №4 емхана орнатты. Қазірдің өзінде емхана ұжымы белсенділік танытып, ізгілікті іске өз үлестерін қосуда.

Сондай-ақ, волонтерлар мұндай қайырымдылық жәшігі облыстық аурухана мен №3 емханада да пайда болатынын айтады.

"Нұр Отан"
келелі міндеттер
жүктейді

1-бет

XXI-ші конференциясының барысында облыс әкімі Архимед Мұхамбетов "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

А.Мырзахметов жаңа басшыны қызметімен құттықтап, оған астықты өңірдегі филиал жұмысын жандандыруға бар күшін жұмылдырады деп үлкен сенім жүйтеді.

Конференцияда сөз алған партия төрағасының бірінші орынбасары А.Мырзахметов облыс партия құрылымдарының жұмысына өзінің оң бағасын берді. Сондай-ақ, бастауыш партия ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығая түскенін атап өтті. Оның пікірінше, келешекте өңірлердегі партия жұмысын күшейту арқылы ел ішіндегі бірқатар проблемаларды түбегейлі шешу мәселесі жүйелі түрде атқарылатын болады.

Мәртебелі мейман Президент Н.Назарбаевтың белгілеген бес институционалды реформа мен "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын жүзеге асыруға халықты жұмылдыру, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына тиісті бақылауларды қамтамасыз ету қажеттігін алға тартты.

Алтын шыққан жерді
белден қаз

1-бет

Бұл қаражат білім, спорт, медицина, мәдениет салалары нысандарының құрылысы мен жөндеу жұмыстарына және ардагерлер мен аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек беруге жұмсалды.

"Варваринское" АҚ 2014 жылы республикалық "Парыз" байқауында әлеуметтік жауапкершілігі мол үздік кәсіпорын ретінде жеңімпаз атанған.

– Ауданның әлеуметтік ахуалына көңіл бөлу керек. Кәсіпорын ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны абзал – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Өңір басшысы Таран ауданына қарасты Тобыл поселкесіндегі астық сақтауға арналған элеватордың жұмысымен танысты. "Olzha Storage" ЖШС-не тиесілі жоба 2012-2015 жылдарға жоспарланған болатын. Элеватор 40 000 тонна астық сақтауға қауқарлы. Мұнда құрылыс жұмыстары кезінде жаңадан жүз жұмыс орны, ал элеваторды іске қосу кезінде жаңадан қырық жұмыс орны ашылды. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқтал-

ған. Технологиялық құрал-жабдықтар жүз пайызға сатып алынды. Элеватор астықтың сапалы сақталуына мүмкіндік бермек. Меншік иесі нысанның қуаттылығын арттыруды жоспарлап отыр. 2020 жылға дейін элеватор 100 000 тонна астық сақтауға қауқарлы болмақ.

– Элеватордың қуаттылығын арттырмас бұрын жыл сайын астықтың бітік шығуына көңіл бөлген жөн. Астық қандай аудандардан тасымалданатынын да ескеру керек. Майлы дақылдар мен дәнді дақылдардың әрқайсысын бөлек сақтау жағы қарастырылсын, – деді өңір басшысы.

Облыс әкімі жұмыс сапары барысында Таран ауданының Валерьянов ауылындағы қиыршық тас зауытында болды. Бұл жоба биылғы тамыз айында индустриаландыру картасы аясында іске қосылған болатын. Оның мақсаты облыс аумағында құрылыс материалдарын дайындауды дамыту. Зауытта қиыршық тас өңделеді. Өндірістік құрылғылар электр қуатымен жұмыс істейді. Дайын болған өнімді "БК-СТРОЙ" ЖШС және Костанай, Рудный, Лисаков қалаларына өткізеді.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Мешітке көлік сыйлады

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жұмыс сапары барысында Денисов ауданындағы "Жұма" мешітіне арнайы соқты. Жиылған жамағатпен кездесіп, мешіт ұжымына Lada Granta көлігін сыйға тартты.

Аталған мешіттің қазіргі ғимараты 1992 жылы мұражай болған. Ал 1995 жылы мешіт болып ашылып, жамағаттың игілігіне берілді. Сол уақыттан бері бұл жер мұсылман қауымның бас қосатын құтты орны.

– Кеңес Одағы кезінде елімізде елу мешіт қана бар еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін олардың саны көбейіп, қазір екі жарым мыңға жетті. Асыл дініміздің қанат жаюы Елбасының кеменгер, сарабалдас саясатының арқасы. Рухани тәрбиеге жастарды тарту керек. Соның ішінде жастарға дұрыс ілім, тәлім-тәрбие беріп, ислам дінінің дұрыс бағытын, Ханафи мазхабын насихаттаған жөн. Бұл мешітке келетіндер ислам дінінің тазалығын түсінуі керек. Мұсылманның ешкімге қиянат жасамайтынын, бір-біріне қамқор болатынын білуі тиіс. Ауыл ақсақалдары мен зиялы қауым бірлесе кірісетін



сауапты іс осы, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Мешіт ғимаратына биыл күрделі жөндеу жұмыстары істелді. Нысанның жертөлесі жаңартылды. Еденге линолеум төселіп, жаңадан газ плиталары мен ыдыс-аяқ сатып алынды. Ғибадатханаға пластикалық терезе орнатылып, жаңадан аспашамдар (люстра) ілінді.

СУРЕТТЕ: "Жұма" мешітінің ішінде.

● ТҰСАУКЕСЕР

Өнегемен өрнектелген өмір

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Облыстық "Достық үйінде" ұлтаралық татулықты дәріптейтін, өмірдегі достары мен еңбек жолы туралы жазылған Людмила Мацупаның "Разноцветная правда, или Принадлежать истории" атты кітабының тұсаукесері өтіп, зиялы қауым туынды туралы пікір айтты. Ол осы уақытқа дейінгі көрген-білгенін, өзінің ой-пікірлерін жинақ етіп шығаруды жөн санапты.

Кітап авторын қостанайлық оқырман қаламгер ретінде емес, қаламыздың құрметті азаматшасы ретінде жақсы таниды. Людмила Мацупаның есімі жергілікті жұртшылыққа заң саласының өкілі ретінде кеңінен таныс. Қысқа мерзім аралығында өз оқырманын қалыптастырып үлгерген белгілі қаламгер.

Кеңестік кезеңде кіші буын өкілдерімен көп жұмыс істеген Л.Мацупа жастарға парасатты пікірлер айтып, бағыт-бағдар берді. Мектепте мұғалім болған.



Кейін, комсомолдық және партиялық қызметтер атқарған. Өзінің өмір жолын өскелең ұрпаққа өнеге еткен қаламгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыртпалықты, ел экономикасын көтерудегі елеулі оқиғалар мен облыс көлемінде атқарылған ауқымды істерді еш бүкпесіз, ашық әңгімелейді.

300 данамен басылып шыққан бұл кітапта құр қызметтегі қызықты оқиғалары ғана жарияланбаған. Ағарту ісінің ардагері

атағандай, жинақта жас буынға жөн сілтер салмақты ой-пікірлер топтастырылған. Дені достық тақырыбына арналған. Қызметтестер арасындағы бауырмалдықтан бастап, ұлттар арасындағы ұйымшылдық кең насихатталады.

СУРЕТТЕ: кітап авторы А.Мацупа (ортада) әріптестерімен бірге.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ЭКСПО-2017

ЭКСПО жалауы Қазақстанға табыс етілді

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Италияда "EXPO MILANO-2015" дүниежүзілік көрмесі жабылуының ресми рәсімінде ЭКСПО жалауын Қазақстан Республикасына салтанатты түрде табыстау салтанаты өтті. Бұл туралы "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ-ның баспасөз қызметіне сілтеме жасап, kazinform.kz сайты хабарлайды. Жалауды тапсыру ресми рәсімінің барысында "Астана ЭКСПО-2017" Ұлттық компаниясы" АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен ЭКСПО-2017 Бас комиссары Рәпіл Жошыбаев ХКБ Бас хатшысы Висенте Лоссерталес пен ЭКСПО-2015 көрмесінің Бас комиссары Бруно Паскуинодан ЭКСПО жалауын қабылдады. Миланда өткізілген "ЭКСПО-2015" дүниежүзілік көрмесі көрмелерді өткізу тарихындағы ең табыстылардың бірі болып танылды, оған шамамен 21 млн. адам келген. Аталған көрмеде Қазақстан Республикасының Ұлттық павильоны "Тақырып пен контентті ең үздік ашу" аталымында үздік павильондардың үштігіне кірді. Сөз сөйлеу барысында Италия Республикасының Президенті Серджио Матарелла Италиядағы көрменің барлық қатысушыларына алғыс айтып, "Астана ЭКСПО-2017" көрмесінің табысты өткізілуіне сенімділігін білдірді.

Астана ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу орны ретінде Астана 2012 жылдың 22 қарашасында Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) 152-ші Бас Ассамблеясы кезінде ХКБ-ның мүшесі болып табылатын 161 мемлекеттің өкілінің жасырын дауыс беруі барысында таңдалды. Астана өтінішін 103 ел қолдады. "Астана ЭКСПО-2017" Халықаралық мамандандырылған көрмесінің негізгі тақырыбы – "Болашақ энергиясы". Ол халықаралық қоғамдастықтың ғаламшарға көп әсерін тигізіп отырған энергияны тұтыну проблемасына алаңдаушылық танытады. Көрменің басты мақсаты – жауапкершілікке шақыру, адамдардың ғаламшардағы энергияны тұтынуды жоспарлау және қадағалауды үйренуі үшін пікірсөйістарды ынталандыру және білімді қалыптастыру, сол арқылы табиғатқа келетін зиянды азайту. Аталған міндеттерді іске асыру көрме тақырыбының:



"Адамзаттың ұлы проблемасын шешу" тақырыпшасында көрсетілген. Көрменің басты тақырыбы СО2 шығарындыларын азайту, энергиялық тиімді өмір салты, барлығы үшін энергия тақырыпшаларымен ашылады.

Халықаралық мамандандырылған "Астана ЭКСПО-2017" көрмесі Қазақстанда 2017 жылы 10 маусым-10 қыркүйек аралығында өтеді. ЭКСПО-2017 көрмесіне 100 елдің өкілдері қатысады деп жоспарланып отыр. Жалпы алғанда, 2 миллионнан астам келуші күтілуде, болжам бойынша, олардың әрқайсысы көрмеге екі не одан да көп рет келеді, осылайша келушілер саны 5 миллионға жуықтайды. Келушілердің 85 пайыздан астамы қазақстандықтар, ал 15 пайызы – шетелдік мемлекеттердің азаматтары болатыны, көбі ТМД және Қытай елінен келетіні жоспарланып отыр. Сондай-ақ Еуропа, Түркия және АҚШ-тан туристердің көп келуі күтілуде.

Бүгінде "Астана ЭКСПО-2017" көрмесіне қатысу бойынша 8 келісім орнатылған, көрмеге қатысатынын 51 ел, 11 халықаралық ұйым растап, секциялардың 25 комиссары тағайындалған.

Қазақстанның туы ЭКСПО мамандандырылған көрмесінде алғаш рет 1998 жылы Лиссабонда көтерілді. Белсенді экспонент ретінде Қазақстан көрмеге 2005 жылдан бері қатысып келеді.

"Жыл әдіскері – 2015"

Гүлназым
САФИТОВА

Міне, осындай атпен Қостанай тұрмыстық қызмет көрсету колледжінде өңіріміздегі техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының арасында байқау болып өтті. Техникалық және кәсіптік білім берудің өңірлік ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Е.Воловаяның айтуынша, ең алдымен осы оқу орындары әдіскерлері жұмысының инновациялық тәжірибелерін анықтау және тарату, кәсіби оқытудағы жаңа идеяларымен алмасу, олардың әлеуметтік мәртебесін, кәсібилігін арттыру сол секілді жоғары кәсіби-педагогикалық рейтингі бар шығармашылықпен жұмыс істейтін әдіскерлерді анықтау, қазіргі заманғы әдіскер туралы оң қоғамдық пікір туғызып, әдіскер қызметінің беделін қалыптастыру. Байқауға қатысушылар "Мен және менің инновациялық әдістемелік жұмысым" – (визит карточкасы), қатысқан сабақтарын талқылау,



компьютерлік тестілеу, "Әдістемелік кеңес отырысының өзіндік" – (шығармашылық жұмысты таныстыру) секілді төрт тапсырма орындады. Әр әдіскердің жұмыс істеу әдісі, шығармашылығы әртүрлі. Қай қайсысының болмасын біліктілігі мен білімі жоғары, оқытудың тың әдіс-тәсілдерімен таныстырып, тәжірибелерімен бөлісіті. Әрине, байқау болған соң, жеңімпаздар

болары сөзсіз. Сонымен бірінші орынды Қымбат Жүнісова – Қостанай педагогикалық колледжі, екінші орынды Элина Омарова – Қазақстан агротехникалық колледжі, үшінші орынды Самал Жиенбаева – Арқалық медициналық колледжі жеңіп алды.

СУРЕТТЕ: байқаудан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

721 ұсақ бұзақылық анықталды

Қостанай ауданында үш азамат қоғамдық орындарда қоқыс тастағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

1 қараша күні Заречный кентінің екі тұрғыны және Киров кентінің тұрғыны темекі тұқылын жерге тастағаны үшін ҚР Әкімшілік Кодексінің 434 бабына сәйкес (тұрғын үйлерді, жалпы пайдаланудағы орындарды, бақтарды, алаңдарды ластау, соның ішінде белгіленбеген жерлерде коммунал-

дық қалдықтарды тастау түріндегі ұсақ бұзақылық) жауапқа тартылатын болады.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, мұндай құқық бұзушылықтар Қостанай қаласы ІІБ жедел басқару орталығы камераларының, сондай-ақ "Қауіпсіз аула" бейнеқадағалау жүйесінің көмегімен анықталуда. Қалада осындай 172 камера орнатылған. Олардың көмегімен жыл басынан бері 721 ұсақ бұзақылық анықталды.

Тобыл Торғай Тынысы

Мәскеуге жету қиындады

Облыста. "Трансаэро" компаниясының жолаушы тасуды ресми тоқтатуына байланысты, "Қостанай-Мәскеу-Қостанай" бағытындағы ұшақтар әуеге көтерілмейтін болды. "Қостанай" халықаралық аэропорты" АҚ өкілі А.Андреев: "Қазір Қостанайдан Мәскеуге ұшақ ұшпайды. Бірнеше компаниялар жолаушы тасымалын жүзеге асыруға ұсыныс жасады, бірақ бұл мәселе Үкімет дәрежесінде шешіледі", – дейді.

Біліктілігін арттырды

Қостанай ауд. Затобол мектеп-гимназиясында "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы бастауыш сынып оқытушыларына арнап тәжірибелік сабақ өткізді. Қатысушылар бағалаудың критериялды жүйесін қолдану арқылы жүргізілген орыс тілі және әдебиеті, математика сабақтарына қатысты. Ұстаздар сандық білім беру ресурстарының дағдыларын қолдануды, бағалау парақтарымен, топта жұмыс істеу қабілеттерін көрсетті.

Имам кездесу өткізді

Жанкелдин. "Оспанқожа әулие" мешітінің бас имамы А.Хасенов балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілерімен кездесіп, "Қазақстандағы кереағар діни ағымдар және олардың салдары" жайлы тағылымды әңгіме өткізді. Аталмыш мектептің директоры Е.Алматов терроризм мен экстремизм бүтін елдің ішіне бүлік салушылардың кесірінен туындап отырғандығын тілге тиек етті.

Оқушыларға түсіндірді

Денисов. Облыстық дін істері басқармасының ақпараттық-насихат тобының мүшелері Перелески ауылында болып, мектеп оқушыларымен және педагогтарымен кездесу өткізді. Шара мақсаты – діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу. Облыстық дін істері басқармасының бас маманы С.Әбдиев экстремистік ұйымдардың әрекеттері туралы айтып берді.

Кескіндеме – өмір айнасы

Қостанай қ. Көркемсурет галереясында қостанайлық белгілі суретші-кескіндемеші, график, тастан мүсін жасаушы А.Захарченковтың "Кескіндеме – өмір айнасы" атты шығармашылық кеші өтті. Оның еңбектері көпшілікке жақсы танымал. Табиғаттың сұлулығын өз еңбектерінде жеткізе білетін шебер. Кездесуде жаңадан бастап жүрген суретші жастардың сұрақтарына кеш иесі жауап беріп, өзінің тың жобалары, мақсаттары жайында әңгімеледі.

"Алтын күз"

Қарабалық. Аудан орталығында әр ауылдан келген және мекемелер атынан қатысқан волейболшылар "Алтын күз" кубогын сарапқа салды. Белоглинский селолық округінің командасына шыдас берер ешкім болмады. 5 ойын өткізіп, қарсылас шақ келтірмей, кубок иегерлері атанды. Ал екінші орын – аудан орталығының командасында. Қазақстан агротехникалық колледжінің ұжымы қола жүлдені місе тұтты.

Ауа райы бұзылады

Облыста. Төтенше жағдайлар комитетінің хабарлауынша, жақын күндері облыс көлемінде бұрқасын көтерілуі ықтимал. Ауа температурасы күндіз 1 градус жылылықты көрсеткенімен, кешкісін әжептәуір салқындайды. Салдарынан, көк тайғақ, тұман болады. Желдің жылдамдығы секундына 15-23 метрге дейін күшеймек. Осыған байланысты, мамандар жолда абай болуға шақырады.

Қостанай және қостанайлықтар

Жылу есептегіштің тиімділігі зор

Коммуналдық қызмет тарифы өскен сайын тұтынушыдан маза қашады. Алаңдамай қайтсін, төлемәкі қалтаны қағады. Әсіресе, жылуға төлейтін ақша қомақты.

Тұтынушы үшін тығырықтан шығар жол бар ма? Жылу жүйесінің қызметкерлеріне осынау сауалды көлденең тарттық. Олар көпқабатты тұрғын үйлерге ортақ жылу есептегіш қондырғысын орнатуды ұсынады. Бұл қолайлы ма, әлде қолайсыз ұсыныс па? Көпшілік соған алаңдаулы.

Мәселенің анық-қанығына жету үшін арнайы зерттеу жүргіздік. Алдымен 2013 жылдың қазан айындағы Елбасы және Қазақстан Республикасы Үкіметі орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлерде жылу есептегіш орнатуды бір жүз пайызға қамтамасыз етуге нұсқау бергенін назарда ұстадық. "Табиғи монополия және нарықты реттеу туралы" және "Энергияны үнемдеу және энергияның тиімділігі туралы" заңдарда да есептегіш қондырғының аса қажет екені атап көрсетілген. Маңызды бағдарлама "ТҚШ-ны дамыту қоры" акционерлік қоғамы арқылы республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Биылғы жылдың наурыз айында үйлерге ортақ жылу есептегіш қондырғысын орнатуға байланысты жиналыстар өткізу мерзімі аяқталды. Мамыр айының басында мемлекеттік бағдарлама бойынша дифференцияланған тарифті енгізу күн тәртібіне қойылды. Осы мәселеге сәйкес "ПКСК-ларға" арнайы хат жіберілді. Олар тұрғындарға тарифтер туралы хабарлауға тиісті. "Қостанай жылу энергия компаниясы" мемле-



кеттік коммуналдық кәсіпорны "Тепломонтаж 2010" ЖШС-інің шағым жасағанын ескертті. Серіктестік "KazinTeh-IRC" ЖШС фирмасының мердігері болып табылады.

Үстіміздегі жылы белгіленген кестемен төрт жүзге жуық жылу есептегіш қондырғысы орнатылмақ. Қыркүйек айында 137 тұрғын үйден қондырғыны пайдаланудың тиімділігіне сенім білдіріп, дауыс берген елу алты үйдің тұрғынының тілегі орындалды. Олар төлемәкінің үнемделетініне сенеді.

Бірқатар "ПКСК-лардың" төрағалары маңызды мәселенің бағыт, бағдарын жұртшылыққа толық жарияламай келеді. Есептегіш қондырғыны пайдалануға арналған мемлекеттік бағдарламаны уақытылы жүзеге асыру баяу жүргізілуде. Төрағалар белсенділік жасауы керек. Олар жиналыс ұйымдастырып, көпшілікпен бетпе-бет кездесуге мән бермейді. Пәтер сайын

дауыс беру парақшасы барлық жерде үлестірілмеген.

Шаруа мұнымен ғана шектелмейді. Төрағалар жөндеу техникалық жағдайға сай етуге міндетті. Электр торабын жөндеу – кезек күттірмейтін жұмыс. Электр сымдарын қауіпсіз күйге келтірілмегендер қаншама десеңізші. Егерде, тұрғындардың арасында қондырғы орнатуға келіспейтіндер табылса, олардың пікірін хаттамаға енгізіп, "КТЭК" басшыларына жеткізуді ұмытпаған дұрыс.

Тұтынушылар тарапынан туындайтын мәселенің бірі артық төлемәкімен есеп айырысу туралы. Жылу есептегіші орнатылған үйлерде үнемдеушілік болуы керек. Соған жауапты "Қостанай жылу-энергия компаниясы" кәсіпорнының директоры Виктор Шмыглов жауап қайырды.

Оның айтуынша, өткен жылу беру маусымында халыққа 150 миллион теңге кері қайтарылған. Алдағы уақытта мұндай шаралар жалғаса бермек.

Сонымен қатар, құбырлардағы ыстық судың құрамында қаққа байланысты ластанушылық орын алады. Виктор Шмыглов маусым басталғасын екі аптадай уақытта судың құрамында қақтан пайда болған белгі болатынына сендіруде. Сосын ыстық су тазарады.

Биыл күзгі табиғат қаталдық танытпады. Далада қандай температура болса, құбырларда да сондай температура сақталуда.

СУРЕТТЕРДЕ: жылу есептегіш қондырғылар; мамандар қондырғының жұмысын үнемі бақылайды.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Көгілдір отынның қауіптілігін ескеру керек

Көпшілік арасында ауызға алынатын әңгіме газды пайдаланудың жайы. Қазақстанның елді мекендерінде газ баллоны жарылғанын баспасөзде жарияланды. Әлгі сыбыстардың жайылуы да соған байланысты екені өзінен-өзі түсінікті. Жалпылай алғанда, көгілдір отынның отбасына тигізетін шапағаты зор. Дегенмен, газ дұрыс қолданысқа енгізіле ме?

Негізінде көгілдір отын маздап жануы үшін оны тұрмыста тиісті талаптарға сай пайдаланған дұрыс. Мәселен, қамыс немесе тезекті пешке жаққанда бақылап тұрмасаңыз, лапылдап, түтіні бұрқырап, сыртқа шапшуы әбден мүмкін. Газ қондырғыларын уақытылы жөндеп, қауіпсіздік шараларын сақтамасаң, қапыда қалуың қиын емес.

Бұл туралы Кирилл Филин үлкен мінбеде тұрып айтты. Мемлекеттік архитектуралық-құрылыс бақылау басқармасының жетекшісі Кирилл Анатольевичтің басқаруындағы ұйымға газ қондырғыларын тексеру құқығы берілген.

Аталмыш ұйым мамандары көбінесе пәтер иелері кооперативі басшыларын кінәлайды. Олар бақылаушы ұйымдармен жасалған келісім-шартқа мән бермейді. Айталық, көпқабатты тұрғын үйлерге газ құбыр арқылы келеді. Мәселе құбырларда ғана емес, газдың өлшемін көрсетіп, ретке келтіретін жабдықтардың да атқаратын ролі зор. Солардың біреуінің ақауы білінсе, газ сыртқа төгіледі. Тіпті, жарылыс болуы да ғажап емес. Сол себептен техникалық қызмет көрсетуді ұмытпау керек.

Қостанай қаласындағы 911 ірі пәнелді үйлердің біреуінде де техникалық қызмет көрсетілмейтінін жоғарыда аталған ұйым дәлелдеп отыр. Жертөлелердегі газ бөлу жабдықтарын тексеру ешкімнің ойына кірмейді. Тұрғындар газдың қолқаны жаратын иісі сезілетінін айтып, дабыл қағуын, қағады. Құлақ салатын ешкім жоқ.

Өткен жылы Қостанайдағы "КазТранс Газ Аймақ" филиалының апаттық қызметіне екі жүз шағым келген. Солардың дені жөндеуден газдың иісі шығатынын хабарлаған. Дабыл қағылғасын мерзімінде шаралар қолданылуы керек.

Аталған басқарма бірінші желтоқсанға дейін "КСК", "КСП", "ПКСК-лар", ЖШС басшылары және жекеменшік кәсіпкерлер мамандандырылған газ тұтынушылар жүйелерімен келісім-шарт жасауды тездетуі керек. Қалалық тұрғын үй инспекциясы кондоминиум нысандарымен және газ шаруашылығының мамандандырылған ұйымдарымен арадағы келісім-шарттың жасалуын бақылауға міндетті. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жайының қалай жүргізілетінін ұдайы тексеру қауіптің алдын алуға септігін тигізеді.

СУРЕТТЕ: газ қондырғыларына техникалық қызмет көрсетушілер.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Тұрғын үйлерді жаңғырту

Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту жалғасын тауып келеді. Бір мыңнан астам көпқабатты үйдің үш жүзге жуығы әділет органында кондоминиум нысандары бойынша 274-і ғана (жиырма алты пайыз), тіркелген. Кондоминиум нысандарының техникалық құжаттарына қала бюджетінен 2011-2014 жылдары алпыс бір миллион теңге бөлінді. Дайындалған құжат саны алты жүзден асты. Соның елу екісі тіркелген. Жыл басынан бері тұрғын үй инспекциясы 117 тұрғын үйдің иелерімен кондоминиум нысандарын тіркеу мәселесі бойынша жиналыстар өткізді. Олар баспасөз арқылы да насихат жұмысын жүргізуде. Тұрғындар кондоминиум нысанына қосымша қаражат жинағанды қаламайды. Жер учаскесіне бір жүз мың теңге қалтаға ауырлық салатынын айтады. Тіпті, көпшілігі кондоминиумды қажет деп есептемейді.

Дегенмен, мамандар жұрттың көзін жеткізу мақсатын көздеуде. Жасалған кестемен шағын аудандарда жиналыстар ұйымдастырылады. Мұнда тек кондо-

миниум туралы ғана емес, тұрғын үйлерде ортақ жылу есептегіш қондырғы орнату мәселесі де сөз болады. Өткізілген он төрт жиналыс нәтижесін беруде.

Кооперативтерге жазбаша сауалдама хат жіберілді. Халықтың пікірі сауалдама хат арқылы жинақталуда. Әйтсе де, кооператив төрағаларының барлығы бірдей жауапкершілік таныта алмай келеді. Бүгінгі күні алпыстан астам жылу есептегіш орнатылды. Қосымша жиырма бес үйге жылу есептегіш орнатылмақ.

Жалпылай алғанда, 2011-2014 жылдары Қостанайда елу үш тұрғын үй жөндеді. Бұған 879,5 миллион теңге жұмсалды. 2020 жылға дейін алты үй қайта қалпына келтірілмек. Жұмсалатын қаржы – 114,5 миллион теңге.

Төрт тұрғын үй толық жөндеді. Атап айтқанда Әл-Фараби көшесіндегі 141\8 үйге он бір миллион теңге, Таран көшесіндегі 186 үйге 18 миллион теңге, Таран көшесіндегі 184 үйге 26,9 миллион теңге, Мәуленов көшесіндегі үйге 19,6 миллион теңге бөлінді. Урицкий көшесіндегі

№ 9 үйдегі жөндеу жұмыстары сексен бес пайызға үлгірілді.

Арнайы бағдарламаға облыстық бюджеттен де қаржы бөлінді. 31,4 миллион теңгеге Станционный көшесіндегі 78 үйді жөндеу аяқталды. Узкоколейка көшесі 4/1 үйге құрылысшылар барды.

Қорыта айтқанда, биыл жеті үйді толық жөндеу жоспарланған. Жұмсалатын ақша – 145,9 миллион теңге.

Алдағы екі жылда тағы да он бес көпқабатты үйді қалпына келтіру күн тәртібіне қойылды. Бұған 344,029 миллион теңге жұмсалмақ. Төрт үйдің жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Құжаттарға 81000,0 мың теңге бөлінді. Екі үйдің құжаты мемлекеттік сараптамадан өткізілуде.

Егерде бұдан бірнеше жыл бұрын көпшілік тұрғын үйлерді жаңғыртуға күдікпен қараса, қазір жағдай жақсарды. Басқосуларда бастаманың нәтижесіне сенетіндер табылуда. Олар ескірген баспаналардың жаңартылуына сенеді. Басқаларға үлгі көрсетушілер де солар.



Ортақ мүдде үшін жиналатын қосымша қаржы далаға кетпейтініне күмән-байды.

Мердігерлік ұйымдар арқылы да маңызды мәселелер шешімін табуда. Олар жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуде белсенділік танытуда. Мәселен, Быковский көшесіндегі 1 а үйдің жөндеу жұмыстарына мердігер ақша жұмсады. Үш жүз мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттарды мемлекеттік сараптамадан өткізу ұйымдастырылды. "ТҚШ" серіктестігі арқылы осындай жұмыстарды атқаруға көбірек сенетіндер де бар. Олар кері қайтарылатын қаражатпен тиісті шаруаларды тындырады.

Үлгілі кооператив

Пәтер иелері кооперативінің атқаратын жұмыстары ұшан-теңіз. Бұлай дейтін себебіміз, тұрғындар мұң-мұқтажын кооператив басшыларына айтады. Солар арқылы кем-кетігін толтырады.

Мәселен, "Клуб Строитель" кооперативін алып қарайық. Бұл мекеме пәтер иелерінің сұрауы бойынша шаңырақ көтерді. Іргетасы 1997 жылы қаланған. Бүгінде кооператив үйінің есігі келушілерге үнемі ашық. Тұрғындар үйлердің сәні мен мәнін сақтауды талап етеді. Мекеме басшылары олардың талап, тілектерін бұлжытпай орындайды.

— Хал-қадіріміз келгенше көпшілікке қызмет етуден жалықпаймыз. Тұрғындар да біздің жұмысымыздың нәтижесін орынды бағалайды, — дейді кооператив басшысы А.Клаузер.

Айтса, айтқандай, мекеменің атқаратын шаруалары ауқымды. Оның қарамағында отыз сегіз үй бар. Төрт кондоминиум тіркелген. Жалпылай мүліктерді пайдалану тарифы бір шаршы метрге отыз алты теңге.



Тұрғын үйлер қаланың бірнеше аймағына орналасқан. Атап айтқанда, "Клуб Строитель" шағын ауданында — отыз үш, орталықта үшеу, мауыты-шұға комбинаты шағын ауданында екі үй бар. Соның екі қабатты құрылыс саны — он екі, үш қабаттысы — төртеу, төрт қабатты үй — жиырма екі.

Әрине, үйлердің тым ескілігі айтпаса да түсінікті жайт. Ең ескісі 1954 жылы салынған. Жаңа үйдің іргетасы 1991 жылы қаланған. Үйлерді пайдаланудың орташа мерзімі — қырық алты жыл.

Тұрғын үйлердің ауласын күтіп ұстау ұмыт қалмайды. Он төрт контейнер ыңғайлы жерге қойылған. Тоғыз контейнерді кооператив күтіп ұстайды. Қалғанын басқа кооперативтер бірігіп қолданады. Кооперативте қырық сегіз адам жұмыс істейді. Орташа еңбекақы — 41813 теңге.

Шағын архитектуралық құрылымдар күтімге алынады. Аулалардан 124 текше метр қоқыс сыртқа тасымалданды. Қыс айларында қар күреу де ұмыт қалмайды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаң-



ғыртуға бағытталған бағдарламамен Гагарин көшесіндегі 164 үй, Рабочая көшесіндегі 147/3 үйлер жөнделді. Айта кету керек, пәтер иелеріне алдын ала төленген жарнаақыны қайтарып беру дұрыс шешімін тапты. Әлгі қос үйдің тұрғындарына тиген ақша көлемі 98,3 пайызға жетті.

"КТЭК" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жоспары бойынша тұрғын үйлерге алты ортақ жылу есептегіш қондырғысын орнату жоспарланған. Бір үйге есептегіш қондырғы тұрғындардың мақсатты жарнасы есебінен орнатылып, екі үйдің құжаты "КТЭК-ке" тапсырылды. Қондырғыны мемлекеттік бағдарлама есебінен орнатуға келісім жасалды. Екі үйдің тұрғындары есептегіш қондырғыдан бас тартты. Бір үйдің құжаты әзірленуде. Пәтер иелерінің жарна төлеуі бір қалыпты. Өтемақының жиналуы 91,9 пайызға орындалды.

Мекеме ұжымы қабылдаған міндеттемелерін ұқыпты орындайды. Меншігінде өндірістік базасы, сан алуан техника, апаттық жағдайларға арналған қызметшілер бар.

Слесарь, сантехниктердің қолы қолына тимейді. Өзінің ісін сүйетін шеберлер тәулік бойы кезекшілікті атқарады. Демалыс және мереке күндері де орнынан табылады. Қажет уақытында электрдік шақыруға болады.

Техника атаулы сайма-сай. Мәселен, кооператив меншігіне құбырларды жуып, үрлеп, тазартатын машина алған. Қыс маусымы алдында отыз сегіз тұрғын үйге талап бойынша жұмыстар жүргізілді. Жертөледегі электр тораптары қалыпқа келтірілді. Үйлерді маусымға әзірлеудің техникалық акт уақытылы алынды. Баспаналарды қыс айларына дайындауға қажетінше қаржылар жұмсалды.

Подъездерді жөндеу қолға алынған. Аулалар күн сайын сыпырылып, қар жауса күреледі. Оннан астам аула күтушісі міндеттемелерін ұқыпты атқарады. Айта кету керек, айлық еңбекақы жиырма мың теңгені құрағандықтан, бұл жұмысқа тек зейнеткерлер мен орта жастан асқандар келеді.

СУРЕТТЕРДЕ: "Клуб Строитель" кооперативінде.

Гүлдер қамқорлыққа алынуда

Қыс қыр астында тұрған кезде гүлге қалайша қамқорлық жасалуы мүмкін деушілердің табылатыны анық. Дегенмен, дамыған елдер гүлдерді жыл бойы күтіп, баптауын айтақ та жеткілікті. Қостанайлықтар да солай жасауда.

Бас қала — Қостанайдағы орталық саябақтың іші толған гүлзар. Жаздай гүл атаулы жайнап өсті. Ақ гүлдер, сары гүлдер, тіпті көк гүлдерді көргенде көз қызығады.

Гүлдерді күтіп, баптау тек жазғы айларға ғана тән емес. Келер жылы гүлдер сапалы өссін десеңіз, қазірден бастап қам жасалуы тиіс.

"Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі саябақты көріктендіруге үнемі мән беріп отырады. Көктем туа сала гүлзарлардың топырағы қопсытылады. Сосын гүлдер отырғызылады. Гүлдер болғанда жас көшеттер егіледі. Сонымен



қатар, топыраққа гүлдердің тұқымы сіңіріледі. Бұлардың өскіштігі керемет. Бірер күнде өсімдік топырақтан қылқиып өседі. Күннің нұрлы сәулесінен нәр алып, биіктеп, жайнайды.

Алдағы жылы осындай гүлдердің өсуін мамандар ескерді. Саябақтағы гүлзарларға гүлдердің тұқымы отырғызылды. Олар аса нәзік дақылдас тұқымдар. Үстіміздегі жылы қыс аязды болатыны жорамалдануда. Ауа-райын болжаушылар 45 градусқа дейін аяз қаритынын көлденең тартуда. Енде-

ше, гүл тұқымы үсіп кетпес үшін игі шаралар қолданылуы керек. Солай жасалып жатыр. Әлгі топыраққа сіңірілген гүл тұқымдары жақсылап қымталды. Гүлзар топырағының үсті кәдімгі ағаш жапырағымен жабылды. Саябақ іші қанат қағып ұшып жүрген көгершіндерге толы. Құстың аты — құс. Олар гүлзарлардың үстіндегі жапырақтарды тұмсығымен шұқып, қопарып тастауы әбден мүмкін. Мамандар мұны да ескерді. Олар жапырақ үстін торлармен жапты. Бұл қауіпсіздік шарасы пайдалы болғалы тұр.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Айқарма бетті дайындаған Ермекбай ХАСЕНОВ

● ҚАЙРАН, ДҮНИЕ...

Ұлы дала ұланы

Жағыпар Ақбасов туралы сөз

Сәлім МЕНДІБАЙ

Біз "Әлемнің өміршісі — еңбек" деп бекерге айтып жүрген жоқпыз. Тек қана адал еңбек арқылы қоғам дамиды, шығармашылық ізденіс, орнықты реформа арқылы ғана экономика өрге басады. Еңбек ер атандырады, абыройға бөлейді. Еңбегімен елге танылған танымал тұлғалардың бірі — Жағыпар Ақбасов ағамыз еді. Ол жиырма бес жасында тың төсінде орнаған "Степняк" кеңшарының директоры болып тағайындалды. Кеңсесі — палаткада, асханасы — кең далада. Ен



далаға еңселі қалашық тұрғызды, шаруасын өрге бастырды.

Кейін "Бестау" кеңшарының тізгінін ұстады. Бестауға береке кірген кезең еді ол. Жөкеңдер Бестауды көтерді, Бестау оны танымал етті. Төрт бірдей орденді омырауға тақты — Ленин, екі Еңбек Қызыл Ту, "Құрмет Белгісі" ордендері азаматымыздың ізденісіне берілген әділ баға еді. Жағыпар Әмірғалиұлы КОКП XXV съезіне делегат болып сайланды. Коммунист үшін бұл аса жоғары құрмет еді, сол құрылтайда ол даңқты Көмшат қарындасының бүкіл әлемге тараған тарихи сөзіне куә болды, диқан қызымыз үшін мақтанды. Жөкең он жыл бойы Қамысты аудандық атқару комитетінің төрағасы болып, Жайылма өңіріне жан бітірген айтулы тұлғаның бірі.

Ол ойранды 37-жылдың түлегі еді. Әке "халық жауы" кейпін киіп, тар қапаста қиналған. Анасы Әсия ерте қайтыс болды, асыл жанның бейнесі де Жағыпардың есінде жоқ, ол кезде оң-солын танымаған сәби еді. Әдеміш әжесі немересін арқасына салып жүріп, өсірді, қамқор болды, құлыншағына жан теңгермеді.

Туған әкесі Төлеубай Молдатаев "халық жауы" қамытын киген бойда әкесінің ағасы Әмірғали Жағыпарды өз атына жазғызды. Жұбайы Рахима екеуі бағып, қағып күтті, азамат қылды. Жөкең

де ақырғы демі біткенше сол екі қимас жанды аузынан тастамай өтті.

Ақыры әке ақталып, туған топыраққа оралды. Жасы келген ата көп ұзамай дүние салды. Ал Төлеубай Молдатаев болса облыстың ауыл шаруашылық басқармасының бас бухгалтеріне дейін өтті. Әдебиет пен өнерге құштар еді. Өзі туып, өскен Науырзымның ұл-қызы Дана мен Бикенің махаббат тарихын дастан қылып жазды. Кезінде "Большевиктік жол" (қазіргі "Қостанай таңы") газетінде жарияланған сол туындыны мұрағаттан іздеп, тауып, балаша қуанып, редакцияға алып келгенін біз әлі ұмытқан жоқпыз. Сол дастанды талай жылдар өткен соң газетке қайта жариялағанбыз.

Ағамыздың жазған "Судьба степняка" атты өмірбаяндық кітабы бар. Сол туындыға алғыс жазып, басылып шығуына сәл де болса қолғабыс тигізген едім.

Жағыпар аға қайтыс болды дегенде сол артта қалған өшпес мұрасына қайта үңіліп, абзал адамның рухымен сырласқандай болдым.

Жөкең сияқты жандар күнде туа бермес... Топырағы торқа болғай...

СУРЕТТЕ: Жағыпар Ақбасов. (Сурет автордың жеке мұрағатынан алынды).

Қызметші боламын десекіз...

Гүлназым САҒИТОВА

Облыс орталығындағы М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің қызметкерлері, Қостанай қаласындағы жұмыспен қамту орталығының мамандары кездесу өткізді. Кездесу аясында сөз сөйлеген департаменттің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының жетекшісі А.Досекенов жоғары оқу орнын бітіруші болашақ маман иелеріне мемлекеттік қызметші болу үшін елімізде қандай заңнамалардың бар екендігін, тестілеуден өтудің тәртібі мен ережесі, мемлекеттік қызмет туралы жан-жақты айтып өтсе, Қостанай қаласы жұмыспен қамту орталығының директоры А.Мұқашев, мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасы, жастар практикасы бойынша мемлекеттік органдарда өтудің ережесімен, қағидаларымен таныстырды. Іс-шараға қатысушылар өздерінің толғандырған сұрақтарын қойды.

● "ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020"

Жас келсе – іске


Гүлназым
САҒИТОВА

Арман Дәрбаев – жас маман. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын бітірді. Жаңа оқу жылынан бастап Бауман орта мектебінде технология пәні бойынша 5-11 сынып оқушыларына сабақ береді.

– Өзімнің еңбек жолымды ауыл мектебінен бастағанымға қуаныштымын. Үстіміздегі жылы ата-анаммен бірге осы селіге көшіп келген едік, үй де сатып алдық. Жаңа оқу жылында мектепке мұғалім болып орналастым. Ұстаздар қауымы жақсы қарсы алды. Қолдау көрсетіп, әдістемелік жағынан көмек беріп, білмегенімді үйретіп көмектесіп жатыр, рахмет, – деді жас маман.

– Аз ғана уақыттың ішінде Арман Дәрбаев өзінің білімін, өз мамандығына жауапкершілікпен қарайтындығын, қандай іс болмасын, тындырымды атқаратындығын көрсете білді. Келешекте ұстаздық шеберлігін, кәсіби біліктілігін арттыра түсіп, ең бір тамаша ұстаздарымыздың бірі болатындығына сеніміміз мол, – деді мектеп директоры Лиля Руденко.

Ұзынкөл ауданы.



Шыңдалу жолында

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Рудный индустриялық институтында "Алмасудың және ынтымақтастықтың халықаралық бағдарламасы: мүмкіндіктер, келешегі мен қаупі" тақырыбында академиялық мобильділік және IAESTE бағдарламасының қатысушыларымен кездесу өтті.

Кездесу ғылым, халықаралық қатынастар және сапа менеджменті қызметінің менеджері, сыртқы академиялық мобильділік координаторы С.Т.Берімжанованың сөз сөйлеуімен басталды. Ол студенттерге инженерлік мамандықтардың (IAESTE) студенттік тағылымдамаларымен алмасу бойынша халықаралық ассоциация туралы әңгімеледі. Бұл бағдарлама демалыс кезеңінде жетекші шетел компанияларында тағылымдамадан өту арқылы білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Жоғары техникалық оқу орындарының студенттеріне мол ықпал ететін үкіметтік емес ұйым болып табылады. Осы тағылымдаманың мақсаты пайда табу емес, кәсіби шыңдалу, шетел тілін дамыту (әсіресе ағылшын) және өмірлік тәжірибе алу.

Студенттер де баяндамаларымен бөлісті. Энергетика және ақпараттық жүйелер факультеті "Электроэнергетика" мамандығының 4-курс студенті Бейбарыс Мұхаметқалиев академиялық мобильділік шеңберінде оқудан және IAESTE бағдарламасы бойынша практикадан өткен еді. Сонымен қатар, IAESTE бағдарламасы бойынша Польшада практикадан өткен Тау-кен металлургиялық факультеті "Транспорттық техника" мамандығының 4-курс студенті Мухлинин Евгений. Олар Свен Ринк (Германия) және Озгур Карахан (Турция) студенттерімен өздерінің әсерлерімен бөлісті.

Осы кездесуде ішкі академиялық мобильділік бойынша оқудан өту мүмкіндіктері туралы Н.А. Бодуговская жан-жақты айтып берді. Сондай-ақ энергетика және ақпараттық жүйелер факультетінің студенті Өміртаев Абай да өз ойымен бөлісті.

Кездесу қорытындысы бойынша студенттер өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, түрлі ұсыныстарымен бөлісті.

● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы

2015 жылғы қазанда Қостанай облысы бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 19088 теңгені құрады.

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы – құнының шамасы бойынша ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Ең төменгі тұтыну қоржыны заттай және құндық шағылудағы тауарлар мен қызметтердің ең аз жиынтығы. Ол азық-түлік қоржынынан (60%) және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтердің (40%) шығыстарынан тұрады.

Азық-түлік қоржынына 43 тамақ өнімдерінің атаулары: ет, балық, сүт, май-тоң май, нан, жеміс-көкөністер және олардың түрлері, жұмыртқа, қант, шай, дәмдеуіштер және басқа тағамдар кіреді.

2015 жылғы қазанда 2014 жылғы желтоқсанға қатысты Қостанай облысы бойынша халықтың орташа жан басына шаққанда күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 8,3% көтерілді, өткен айға – 1,9% және 19088 теңгені құрады (тамақ өнімдері – 11453 теңге, азық-түлік емес тауарлар және ақылы қызметтер көрсету – 7635 теңге).

Оның құрылымында ет пен ет өнімдерін сатып алуға кеткен шығыстар үлесі 18,1%, жемістер мен көкөністерді – 14,2%, сүт, ірімшік пен жұмыртқа – 12,2%, нан және жарма өнімдері – 7,9%, май және тоң-май – 3,9%, қант, шай және дәмдеуіштер – 2,3%, балық – 1,4% алады.

МАҚСАТ – сапалы қызмет көрсету

Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан өзгерістер арасында халықты әлеуметтік қорғау ерекше маңызға ие болып отырғаны барлығымызға да мәлім. Бұл күні Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғау жоғары сатыға бағдар алды. Міне, осы маңызды салада жұмыс жасап жүрген қызметкерлердің арқасында өзіміздің ауданымыз да әлеуметтік-экономикалық даму жағынан бірқатар жетістіктерге жетті десек артық айтқандық болмас. Бүгінгі күні өңірімізде бұл қоғамдық маңызы бар кәсіпте 34 маман жұмыстарын абыройлы атқарып жүр.

Бүгінгі мақаламызда өңіріміздің дамуына өздерінің үлестерін қосып жатқан әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері жайында жазбақып. Осы мақсатпен "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" ММ және "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" КММ қызметкерлерімен кездестім. Ең алдымен "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" мемлекеттік мекемесінің басшысы А.Сапабековамен жолығып, жұмыс барысымен таныстық.

– Осы салада бес жылдан бері қызмет атқарып келемін, – деп сөзін бастады Айгүл Сейтбекқызы, – адам бөріне де үйреніп кетеді екен. Бірақ біздің қызметте әркім жұмыс істей алады деп айта алмас едім. Тәжірибем көрсеткендей, біздің салада тек қызметке жанымен берілетін адамдар ғана жұмыс жасайды. Мекемімізге әр түрлі адамдар келіп жатады. Олардың ішінде: жұмыссыздар, қарттар, жәрдем-ақы мәселесімен келетіндер, мүгедектер де баршылық. Ал, біз соларға қызмет көрсетеміз. Әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс істеп жүргендіктен халық мұқтажын өтеу, бізден қызмет алушыларды назардан тыс қалдырмай, оларға қамқорлық жасау – міндетіміз болып табылады. Жұмыс бабында неше түрлі оқиғалар да болып жатады. Кей кезде алғыстарын білдіріп, рахмет айтатындар келеді, ал, кей уақытта айғай-шу болып, зөремізді алып кететіндер де болады. Сол себепті де әлеуметтік қызмет көрсету саласында жүрген қызметшілер көпке шыдамайды. Ал, біздің ұжым туралы айтсақ, арасында келешегі бар жастар, тәжірибесі мол қызметкерлер де баршылық. Ерекше атап өткім келіп отырғандардың арасында – Валентина Викторовна Плиш және Галина Борисовна Дрофа. Бұл кісілердің осы салада жұмыстарын адал ниетпен атқарып келе жатқандарына 20 жылдай болды. Талай қызметшілеріміз үздік жұмыстары үшін грамоталармен марапатталған, – дейді мекеме басшысы.

Айгүл Сейтбекқызымен әңгімелескеннен соң "Үй жағ-



дайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету" бөлімшесіне кірдім. Онда бөлім меңгерушісі М.Әжмахан және қызмет алуға келген азаматтарды айқындау және бағалау жөніндегі әлеуметтік қызметші Г.Тяжинамен әңгімемізді жалғастырдық.

– Біздің бөлімше 78 адамға және сегіз ауылдық округтарға қызмет етеді. Бізге қарасты жиырма әлеуметтік жұмыскерлеріміз бар. Олардың ішінде он үш адам қарт кісілерге, алты жұмыскер мүгедек балаларға қызмет көрсетеді. Оның үстіне біз қарт адамдарды, психоневрологиялық ауруы бар мүгедектердің құжаттарын медициналық-әлеуметтік мекемелерге рәсімдейміз, – дейді жұмыстың мән-жайын қысқаша түсіндірген бөлімше қызметкерлері.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде 1995 жылдан жұмыс жасап келе жатқандар – В.Плиш және Г.Дрофа келесі кездескен қызметкерлеріміз болды. Валентина Викторовна ардагерлер мен мүгедектерге қызмет көрсету жөніндегі бас маман болса, Галина Борисовна мұрағат тізімдемесі және іс қағаздарды жүргізу жөніндегі жетекші маман. Өздерінің тәжірибесінде көпті көрген мамандар қаншама жылдар бойы осы салада жүргесін басқа мамандықта өздерін елестете де алмайды екен.

– Ұжымымыз өте жақсы. Басшымыз да сауатты, әділ, түсінігі бар адам. Ендігі жылы зейнетке шығатын да уақыт келіп қалды. Айгүл Сейтбекқызы ол уақытқа дейін кетпейді деген ойдамын. Біздің жұмысымыз қиын. Мен көп жылдар бойы осы салада жүрмін. Айтатыным, жылдан-жылға жұмыс көлемі ұлғайып, мемлекеттік бағдарламалар саны артып келеді, қағаздармен жұмыс көбеюде, ал қызметкерлеріміз азайып барады, – дейді Г.Дрофа.

Тәжірибелі мамандардан кейінгі кезекте ұжымның жас мамандарымен кезігіп, олар да өздерінің атқарып жатқан жұмыстарын айтып, ойларымен бөлісті. А.Бейсекеева жұмыссыздар жөніндегі бас маман. 2014 жылдан бастап осы салада

жұмыс жасап келеді. Айгүл Уәлиханқызының айтуынша, әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс жасап келе жатқаннан бері көргені де бар, көрмегені де жетерлік. Негізгі айналысатыны жұмыссыз азаматтарды тіркеп, есепке қойып, оларға жұмысқа орналасуға көмек көрсету.

Ал, көмелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларына ақшалай жәрдемақы тағайындау, жеке санаттағы азаматтарға қызмет ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселелерімен Г.Қаппасова айналысады.

"Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" ММ қызметкерлерінің жұмыстары жайында біліп қайтқан соң, ендігі бас тіреген мекеміміз – "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" КММ. Аталмыш мекемеде екі маман Н.Костенюк, К.Өтелбаева және есеп-шот жүргізетін бухгалтер Г.Жаныбекова қызмет атқарады. Қызметкерлер саны аз болса да, жұмыс мөлшері көп болып отырған мекеме мемлекеттік бағдарламалармен айналысуда. Директор міндетін атқарушы Надежда Владимировна "Жұмыспен қамту жол картасы – 2020" бағдарламасының екінші бағыты бойынша жұмыссыз азаматтарға жеке кәсіпті ашу немесе кеңейту мақсатында несие берумен айналысады. Бағдарламаның бірінші және екінші бағыты бойынша Қанат Қарабасқызы аудан азаматтарын күрделі жөндеуге жіберу арқылы жұмыспен қамтып, мамандыққа даярлау, біліктілікті арттыру, жетім балалардың қоныс аударуын қамтамасыз ету сияқты мәселелерді қарастырады. Әбден жұмыстарына машықтанып алған мамандар қысылмай-қымтырылмай жұмыстарын атқарып жүр.

Осылайша, қызметтеріне жандарын сала атқарып жүрген, халық үшін өмірдің оқшау тұстарында үміт пен сенім бейнесі болып табылатын, мол мейірім мен асқан ізгілікті бойларына сыйдырған әлеуметтік сала қызметкерлерінің зор еңбегі қай кезде де еленері хақ.

А.ЫРҒЫЗБАЕВА.

Ұзынкөл ауданы.

● ДІНИҚ – ДІҢГЕГІҢ

Жат ағымның
шырмауына түспес үшінШұға
ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай қаласындағы №2 мектеп-лицейінде мектеп оқушылары мен мұғалімдер арасында экстремистік идеялардың таралуының алдын алуға арналған шара өтті.

Семинарды ҚР тәжірибелі психологтар қауымдастығының жанындағы деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығының жетекшісі Юлия Калюжная ашып, жүргізді. "Соңғы кездері түрлі ағымдардың арбауына түсіп, өзге діннің құрбанына айналып, отбасынан айырылып жатқан жандар қаншама?! Жалпы, жұртшылықтың дінге бет бұруының қоғам үшін пайдасы зор екені белгілі. Өйткені, иман ұялаған жерге ырыс-береке даритыны шындық. Жастар халықтың белсенді тобы және мемлекеттің стратегиялық қоры болып саналады. Осындай кездесулер мектеп және жастар арасында өткізіліп тұрады, алда да мұндай кездесулер өз жалғасын табатын болады" деді Юлия Амантаевна.

Мұнан кейін арнайы семинарға қатысқан дінтанушы мамандар оқушыларға ақыл-кеңес берді.

"Жиһад – өзіңмен күрес. Дәстүрлі ислам да осылай", – деді облыстық дін істері жөніндегі басқарманың бас маманы Нұрсұлтан Әбішев. АНТ өкілінің айтуынша, "жиһад" ұғымының аясы кең. Бүгінгі таңда теріс бағытта таратылып жатқан уағыз-насихат салдарынан адамдар жиһадты тек қару алып соғысу деп қана біржақты түсінеді. Исламда "жиһад" ұғымы адамның жаратушыны тануына кедергі келтіретін тосқауылдармен күресін айтады. Қорыта айтқанда, жиһад дегеніміз – қызғаншақтық, қанағатсыздық, жалқаулық, төкеппарлық, сабырсыздық, нәпсіқұмарлық сынды жаман едеттерден бойды арылту үшін өз-өзіңмен жүргізілетін күрес де-



ген мамандар сыртқы күрестен бұрын ішкі күреске көп мән беру керек екенін айтты.

Тағы бір айта кететін мәселе – теріс пиғылды радикалды ағымдар Исламдағы "жиһад" сөзін пайдаланып, адамдарды мұсылман елдері арасында болып жатқан қақтығысқа қатысуға шақыруда. Осыған орай, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ғұламалар кеңесі "Жиһад ұғымы және қазіргі заман" туралы арнайы материал дайындапты. Бірақ, мұны оң көзқараспен ұғып жатқан жан шамалы көрнеді. Радикалды топтардың арбауына түскен кейбіреулер жиһадты соғыспен алмастырып жүр. Соқыр сеніммен өзге елдің ішкі мәселесіне араласып, саяси соғыстарға қатысу – мұсылманшылыққа жат, шаріғатқа қайшы. Шындығында, көз-келген соғысқұмар адамның ашқан соғысы жиһадқа жатпайды.

Сонымен қатар, неопротестанттық діни бірлестіктердің қызметі туралы ҚР тәжірибелі психологтар қауымдастығының жанындағы деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығының маманы Талғат Нұғыманов айтып берді. Діни бірлестіктердің Украинадағы оқиғаға қатысуы туралы және

осындай ұйымдардың Қазақстандағы қызметі туралы арнайы бейнесюжет көрсетілді.

Дәстүрлі емес діндер туралы ата-аналар мен жасөспірімдерге алдын алу жұмыстарын қалай жүргізу керектігі туралы Юлия Калюжная жеткізді.

– Жастар арасында өзінің дәстүрлі діні туралы және оның құндылықтары туралы үнемі айтып отыру керек. Және ол туралы білімін кеңейткен жөн, онымен қоса, қоғамымыздағы деструктивті ағымдардың айла-тәсілдері туралы білу керек. Біздің мақсатымыз әсіресе, енді ғана мектепті бітіріп жатқан жастарға оған қарсы тұра алатындай діни сауатын жетілдіру. Жалпы қазір республика бойынша күні-түні 114 қауырт желісі жұмыс істейді. Дінге қатысты кез-келген сұрақтарға тәжірибелі психолог, дінтанушы, заңгер мамандар кеңес береді, – деді ол.

Семинар соңында ұстаздар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. Семинар жүргізушісі Ю.Калюжная басқосуды қорытындылады. Сондай-ақ, қатысқан қонақтарға елімізде тыйым салынған діни ағымдар тізбесі бар әдістемелік үнпарақтар таратылды.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

● ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Ардагерлер ұйымының
конференциясыМұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының XIII-ші конференциясында ардагерлер кеңесінің және тексеру комиссиясының құрамдарын сайлау, облыстық ардагерлер ұйымының VII конференциясына делегаттар сайлау мәселелері қаралды.

Республикалық орталық ардагерлер ұйымының жарғысында облыстық, қалалық, аудандық ардагерлер ұйымдарында есеп беру сайлау конференциясы 5 жылда бір рет өтетін болып белгіленген. Жарғыда көрсетілгендей, бұған дейін барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарында да есеп беру, сай-



лау жиналыстары өтті.

Қалалық ардагерлер ұйымының 2010-2015 жылдар аралығында атқарған жұмыстары бойынша ұйым төрағасы К.Ақанның есебі тыңдалды.

Пленумда ұйымдастырылу

мәселелері қаралып, ардагерлер ұйымын 15 жыл басқарған, таяуда ғана 80 жас мерейтойын атап өткен Кәки Шәріпұлының өтініші қанағаттандырылып, қалалық ардагерлер кеңесінің жаңа төрағалығына ұзақ жылдар бойы білім саласында жемісті еңбек еткен, зейнеткер Ж.Ғаббасұлы сайланды.

Конференция жұмысына қала әкімі Ф.Бекмұхамедов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Укин қатысты.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: қалалық ардагерлер ұйымының бұрынғы және жаңа төрағалары.
Суретті түсірген автор.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Біліктілікті арттыру

Гүлназым
САҒИТОВА

Облыс әкімдігі аппаратында әкімдіктің мемлекеттік қызметшілеріне арналған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті мен халыққа қызмет көрсету орталығы мамандарының қатысуымен құқықтық оқыту болып өтті.

Департаменттің тәртіптік тәжірибе және мемлекеттік қызметтер бөлімінің кеңесшісі Динара Хасанова қатысушыларға бес институционалды реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттары жайлы, жемқорлық көріністердің алдын алу және мемлекеттік тәртіпті күшейту туралы айтты. Сонымен қатар, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға баса назар аударды.

Қатысушылар өздерін толғандырған, тәртіптік жаза қолданудағы жазбаша түсіндірмелерді сақтау мерзімі, мемлекеттік қызметшілерді бағалаудағы нұсқаулық әдістеме және мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары туралы сұрақтарын қойды.

Өз хақыңды біл

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қай адам болмасын өз құқығын толық білгені жөн. Өкінішке қарай заңды білмегендіктен кей кездері ұтылып қалып, опық жеп жатады. Осы олқылыққа жол бермеу мақсатында құқықтық сауаттылық деңгейін көтеріп, құқықтық тәртіпті мақсат еткен айлық қаламыздағы №24 бастауыш мектеп-гимназиясында өтті.

Айлық барысында балаларға арналған "Мен өмірді сүйемін", "Менің әлемім" суреттер сайысында балалар өз өмірлерін суреттеп көрсетті. Жақсы, мазмұнды суреттерге орындар берілді. 3-сыныптар үшін "Мен: бала және тұлғамын" интеллектуалдық ойындары да оқушылардың қызығушылығын тудырды. 3 топқа бөлінген топтар өзара құқықтық білімдерін көрсетіп, жеңімпаздар анықталды. Мектептің 1-ші қабатында 3-4-сыныптар үшін "Құқықбұзушылықты болдырмау" атты қабырға газеттер сайысының газеттері орын алды. Газеттердің мазмұны, безендірілуі сан қилы.

– Балалардың құқықтық сауаттылығын тексеруде 3-4-сыныптардан "Өз құқығыңды білесің бе?" сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың сауаттылығы өз деңгейлеріне сай екені анықталды. Сыныптар арасында жүргізілген "Ашық тәрбие сағаттары" 4 Г, 4 Б, 3А, 1 Б, 1В, 3Б сыныптарын атап кетуге болады. Құқықбұзушылықты, жағдаяттарды шешуде балалар сондай қызығушылықпен, тапқырлықпен шешіп жатты. Мектеп оқушыларының жан-жақты сауаттылығын ашуда кітапханада балаларға арналған құқықтық бұрыш ұйымдастырылды. Бұл айлықта мектеп инспекторы "Мен және менің полициям" акциясына атсалысып, Біржан Шаяхметовтың бастауымен 4 В сыныбы және 4 Г сыныбы Ішкі істер департаментіндегі мұражайға саяхатқа апарды. Мұражайдағы жыл сайын жиналған мұрағаттармен танысып қайтты. Айлық барысында мектепте құрылған "Жас жасақ полиция" көмекшілері өз жұмыстарын аямады. Үнемі мектептегі кезекшілікті, тәртіпті, ережені, тазалықты бақылап отырды. Өздерінің отырысында болған, кездескен құқықбұзушылықты айтып, жөнге салды, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қасенова.

Бала құқығын қорғау мен сақтауға үлкендер де міндетті. Мектепте ата-аналармен түрлі жиналыстар ұйымдастырылған. Алдағы уақытта оқушыларға өзара осындай тақырыпта интеллектуалдық ойындар, сайыстар, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңестер беру керектігі ескерілді.

● "САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН"

Қатерлі індет –
қорғану міндетМұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қаласында облыстық "СПИД-пен күрес және оның алдын алу орталығы" мамандарының қатысуымен "АИТВ жұқпасының эпидемиологиялық ахуалы, бизнеске әсері" жайлы үйлестіру кеңесі өткізілді.

Онда аталған орталық бас дәрігерінің орынбасары М.Хамзин мен врач-эпидемиолог Я.Авраменко және жергілікті атқарушы органдардың басшылары АИТВ/ЖИТС жұқпалы індеттерінің алдын алу мәселелері бойынша баяндамалар жасады.

2015 жылдың 9 айы ішінде Арқалық қаласы бойынша АИТВ жұқпасының 1 жағдайы тіркелген. Меморандум бойынша АИТВ тестілеуін қамту үшін ұсынылатын көрсеткіш 11,0 % сақталмайды, бүгінгі күні 10,0%



құрады. Қан құюдан кейін 1 айдан соң тексеруге жататын адамдардың 83,2%, 3 айдан соң 93,0%-ы тексерілген.

Кеңес барысында осындай нақты дәйектер көлтіріліп, мемлекеттік мекемелердің міндеттері пысықталды.

Арқалық қаласы.

● ДОСТЫҚ – ҰЛЫ КҮШ

1940 жылы Монғолияның Баян-Өлгийдің іргетасын қалаушылардың бірі де бірегейі Жеңісхан Дүзелбайұлы 1968 жылы еңбек демалысына кеткенімен кейінгі жастарға не бір ұлағатты әңгімелерді, ұлтын, халқын сүюді және халқының ерен ерекшеліктерін жастардың құлағына құйып аманаттаған тұлға. Соның бірі – Махбұздың "Патша балам" кітабындағы қоғам қайраткері Жеңісханмен сұхбаты.

Сұхбатта айтылғандай, моңғол елінің маршалы, әйгілі қолбасшысы Чойбалсын 1939 жылы Хобда аймағында батыс өңірдегі моңғол, қазақтарды басқарып отырған. Сол кездегі басшылардың бәрін жыйып алып, қазақ аймағын орнату жайлы сөз болғанда ол:

– Қазақ халқын "бага ястан" (ұсақ сүйектілер) деуді, "хасаг" деген атауларды тоқтату керек. Қазақ ұлтының моңғол ұлтынан еш айырмашылығы жоқ. Қазақ халқы Моңғол мемлекетінің өзінің ұлт тілінде мектебі бар, баспасөзі бар дербес бір аймағы бола алады. Мемлекеттік 8-ші съезге қазақ

халқынан өкілін көп сайлау керек. Осыны, Жеңісхан, сен жақсылап ұйымдастырып әкел. Мен қазақ сұмындарын аралаған сапарымда

зуын үйреніп, моңғол тілінде оқып білім алып шығып жатыр. Мына отырған Қаби, Жеңісхан, Әжікендер – бұған дәлел.

ішпейді, қолдың майын, суын сұртуға арналған орамал бөлек-бөлек тұрады.

– Қазақ халқы – жасқанбайтын

азады, тамақты үлкен адамдардан бастап ішеді.

– Қазақ халқында аңшылық – кәсіптің бір саласына айналған.

Бүркіт салу арқылы көп табыс табады. Бұл ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан кәсіп.

– Қазақ – сауықшыл халық. Оларда айтыс, өлең, домбыра шерту, сыбызғы шерту машыққа айналған. Біз мұны жаңа дәуірге сай мейлінше дамытуымыз керек.

– Қазақтар өзінің ой-арманын бүкпей айтатын халық. Жүз бес жасқа келген Зымыра "Маған өлгенде молда қажет" деп ашық айтты.

Дінге бірден шабуыл жасауға болмайды. Біз оның негізгі өсіп өнетін бір тамырын жойдық. Сондықтан ол бірте-бірте тозып жоғалады.

– Мен қазақ халқының бұл ерекшеліктерін көзіммен көрдім. Мұның бәрі жаңа өмірге сай дамыта беруге болатын жақсы дәстүр екенін естеріңнен шығармандар, – деп тапсырды дейді маршал Чойбалсын.

Жеңісхан артындағы басшыларға "Өз халқыңды жан-тәніңмен сүйе білуді Чойбалсынан үйреніңдер!" деп осылай аманаттап кетіпті.

Жанарбек АҚЫБИҰЛЫ.

ЧОЙБАЛСЫН қазақтың қадірін білген

қазақ халқының бірталай жақсы дәстүрлерімен әдет-ғұрпын, ерекшеліктерін аңғардым. Сендер жазып алыңдар, – депті маршал Чойбалсын Жеңісханға.

– Маршал Чойбалсын қазақ халқының ерекшеліктерінен он екі түрін жазғызды, – дейді Жекең. Олар:

– Қазақ халқы ежелден еңбек сүйген халық. Олар қолға алған ісін тындырмай қоймайды.

– Қазақ халқы талапкер, не нәрсені тез үйренеді, тез игереді. Оқуға барған қазақ азаматтары бір-екі жылда моңғол тілі мен жа-

– Қазақ халқы мал шаруашылығын, өнімін жақсы пайдаланып келе жатқан халық. Олар тек малдың сүтінен әртүрлі тағамдар жасайтынын мен көзіммен көрдім.

– Қазақ халқы ою-өрнекке, тоқымаға, кестеге шебер екен. Қай үйге барсаң да, әшекейлі түскііз, алаша басқұр тұрады. Бұл – дамыта беретін өнер.

– Қазақ халқы – тазалықты мұрас етіп келе жатқан халық. Қандай үйге барсаң да, қонаққа арналған көрпе-жастық жинаулы тұрады. Үй іштері жинақы, ыдыс аяқтары таза, қол жумай тамақ

батыл, ержүрек халық. Мен қазақтардың өлген адамдарының бейітін көп жерден көрдім. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан жақсы дәстүр.

– Қазақ халқы – көп жасайтын халық. Олар темекі тартуды, арақ ішуді әдет етпеген. Тамақты баптап ішеді. Қазақтар біреу-екеу болса да, бие байлап, қымыз ішеді. Қымызды жақсы баптайды.

– Жасы үлкенді құрметтеу – қазақ халқының жақсы дәстүрінің бірі. Олар қарт адамдарды аттан түсіріп, атын байлайды, есік ашып үйге кіргізеді, төрге отыр-

Жайық ағамен жүздесу

Өткен сексенінші жылдардың орта кезі. Мен онда аудандық партия комитетінде істейтін кезім. Кезекті еңбек демалысын алып, Алматыға жүрер алдында қалған жігіттерге жұмыс тапсырайын деп бөлімге соқтым да көшеге шықсам, екі жағында Сапабек пен Сейіт бар басында сомбрероға ұқсас ши қалпағы бар, кигені джинсы, аяқта кроссовки, алақандай қара көзілдірік киген орта бойлы толық кісі келе жатыр екен. Бұрын кітаптарынан, газеттерге жазған мақалаларына түскен суреттері бойынша Қазақстан Жазушылар Одағының Орталық Қазақстандағы (Қарағандыдағы) өкілі Жайық аға Бектұров екенін танып, сәлем бердім. Өзіне тән жаяу қулығы бар Сапабек менің құрдасым, ол кезде аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы:

– Осы бір көп білетін ініңіз еді, манағы сауалыңызды қойсаңыз, мүмкін жоғыңыз табылып қалар, – деді. Жайық аға бұл сұрағын сол кезде көзі тірі ақсақалдарымыз Бейсенбай Ералин мен Жәлел Қарабадин ағаларымызға да қойған екен. Ол кісілер біліп шықпапты. Жәкең маған қарап:

– Кешегі қазақтың қаймағын сыпырып, қуғын-сүргін кезінде жазығым-сауаттылығым, мен де қамауда болған адаммын. Сол кезеңде 18 ай бойы койкамыз қатар орналасқан Торғайлық қыпшақ азаматы менен біраз үлкендігі бар Ілияс Есепов деген кісімен сол заманның теперіштерін бірге көріп едік. Сондай бір езгу, тоқығаны мол, ақыл иесі жан еді. Сауаттылығының арқасында тамақ беретін асханада жиірек кезекшілік міндетін атқаратын едім. Сонда қолыма түскен, асханадан жымқырған азын-аулақ тамақтарды қатар жат-

қан ағама әкеп бергенімде: "Жайық-жан, аман бол, үйіңде жылдам қосыл, мына көрген құқайларымыз естен кететін заман тусын!" – деп, бата беретін еді. Тірі қалып, ақталуыма сол бір адал жанның тілегі де себеп болды ма деп ойлап жүремін. Қазір сол кезде қуғындалған, сталиндік-голощекиндік зұлматтан зәбір-жапа көрген ағалар туралы жазып жүр едім. Сол жазбама Ілияс ағам туралы да кірістіріп едім. Торғайға дәм жазып келіп қалған соң, сол кісі бар ма екен, не ұрпақтарынан кім бар деген сұрақ көкейімде еді.

– Жайық аға, Бейсенбай мен Жәлел ағаларымыз білмегеннен кейін мына Сапабек пен Сейіт сияқты ойсаналары басқа пиғылдарға бұрылып тұратын көксоққандар не білсін. Ал, мен, бұл екеуі мені қанша мошқағанымен ол кісі туралы аңыз білемін. Ілияс Есенұлы менімен ауылдас, бөріміз торы қыпшақпыз. Ол кісі Қитабаның Қосай бұтағына жатады. Сізден айрылғаннан кейін көп уақыт Жезқазғанда вольное поселение (еркімен орналасудей ме, әйтеуір елге келтірмейді) тәртібімен елден жұбайы – біздің апамыз Баянтанатқызы Жамал апайды алдырып тұрды. Ілекеңнің туған інісі Есенұлы Бекқали ағамыз да елге қадірлі азамат еді, ұжымшарда ферма басқарды, есепшілік жұмысты да атқарды. Ауылымыздың абыройлы да беделді азаматы еді. Ал, Ілекең мен Жамал апамыздың Сара, Ақсара деген қыздарынан жиен немерелері бар. Күйеу баласы Әбдіғалық Нұрпейісұлы деген өзі ақын, әнші, жырау өнерпаз кісі еді, ол кісінің баласы Ғалибек ініміз де аудандағы талантты жастардың бірі.

– Ой, айналайын Орекен, үлкен

рахмет. Сол Үлекең ұрпақтарының менімен байланысын өз мойныға аларсың, – деп еді.

Жәкең Ілияс ақсақал ұрпақтарының мекенжайын айтып, жазып бердім. Кейін Ғалибек Жәкеңмен хат жазыстым деп жүретін. Жайық ағадан мен де 1-2 хат алдым. Ол кісі 1920 жылы қазан айында түсірілген бір жағында Әліби Жангелдин, бір жағында Темірбек Жүргенов, ортасында Ахмет Байтұрсынов бар фото жіберген еді. Ол кезде Ахандар әлі ақталмаған кез. "Ортадағы өзіміздің Ахаң ғой", – деп жазған еді Жәкең. Сол кезде аудандық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы боп істейтін Таңатқан Дөркенов үйіндегі шай үстінде Жайық аға айтқан бірер жәйт есімде қалыпты.

– Мен ол кезде Қазақстан жастар одағында қызметтемін. Бастығымыз Қайсар Тәштитовтың жұбайы Сағадат ханым Қазақстан Орталық атқару комитетінің төрағасы (кейін жоғарғы совет президиумы деп аталды ғой) Елтай ақсақал Ерназаровта машинистка боп істейтін. Елекеңнің жұмыста жоқ кезінде барып, Сағадатпен таныстығымыздың арқасында ол кісінің тікелей телефонын пайдаланатынбыз. Елтай ақсақал кейін жұрт айтқандай келеңсіз адам емес-тін. Әсіресе, басына киген сусар бөркі жарасып тұратын. Әрине, ол кезде де қазақтардың бірбірінен қызғанушылығы, орталықтың өкілі Голошекиннің билікке таласатындай қауқарлы қайраткерлерді жолатпау ниеті нәтижесінде алыс ауылды болыстық кеңес төрағасынан бірден республика басшыларының біріне Елтай Тышқанбаев сайланып кеткен ғой. Ораз Исаевтан Мәскеу өкілі сұрайды ғой: "Что означает фа-

милия Тышқанбаев?" – деп. Сонда Ораз былай аударыпты: "Тышқанбаев – это значит сын обосравшегося бая".

– Это не красит одного из руководителей республики, дайте ему другую фамилию. Содан Елекеңнің арғы атасының аты ма, әйтеуір Ерназаров боп тарихта қалды ғой.

Сіздердің жерлестеріңіз, қазақ әйелдерінен шыққан белгілі қайраткерлердің бірі – Нәзипа Құлжан келінін де көрдім. Ол кісі тамаша журналист, аудармашы, педагог еді ғой. Кезінде "Әйел теңдігі" журналының редакторы, "Қызыл қазақстан" журналының шығарушы редакторы болған адам ғой. Апай дарындылығы мен талантының үстіне бет біткеннің сұлуы еді.

Қазақтың маңдайына сыймай кеткен бір тұлға Сұлтанбек Қожанов еді. Ол кісі Түркістан жағының қазағы. Тәшкентті өзбек иеленбей тұрғанда басшылық жұмыста болған, Орта Азияның республикалардан шыққан өте сауатты, қайсар да білімді Мұстафа Шоқаев, Тұрар Рысқұлов т.б. қайраткерлермен бірге жұмыс істеген, Мәскеуге, Орталыққа, Сталинге жаппаған да ықпаған Қазақ қайраткерлерінің бірі болатын. Сол Сұлтанбек ағамыз қазақтың дарынды журналист, қарымды қаламгер "Қызыл Қазақстанды" шығарып отырған Нәзипаға әзілдеп: "Сенің станыңнан бізге орын бар ма?" – дейді екен. Арқа қазақтарының ыстан деп қай киімді айтатыны белгілі ғой.

"Кеудесі жақсылардың – алтын сандық" дегендей, Жайық аға Бектұров пен бір кездескенде естігем жәйттерім осы еді.

Орекен АЛМАТ, зейнеткер, Арқалық қаласының тұрғыны.

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

XV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді басынан өткізді. Бұл кезеңдегі өмір сүрген хандардың негізгі саясаты ел бірлігі, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, көрші елдермен бейбіт саясат жүргізу. XVIII-XIX ғасырларда ел іші саяси-әкімшілік бөлікке бөлінді. Сөйтіп, отаршылдықтың «бөліп ал да, билер бер» саясатының объектісіне айналды. Сондай дәуірде қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, төре күйлерінің негізін салушылардың бірі болған дәулескер күйші-композитор – Арынғазы (1790-1833) өмір сүрді. Арынғазы қазақ сахарасына әйгілі болған көкті әулеттен. Қазақ халқының шайрағын көтерген Әз Жәнібектің баласы Жәдік сұлтанның өрбіген әйгілі Батыр Сұлтанның шөбересі болып келеді. Батыр сұлтан, одан – Қайып, одан – Әбілғазиз, одан – Арынғазы. Арабша, шағатайша, орысша сауаты кемел болған. Әкесі Әбілғазиз 1815 жылы дүние салған соң, Арынғазы хан болып сайлағанда, Жаңкент қаласында Шекті, Шөмекей, Жағалбайлы, Төртқара, Жаппас руларының көсемдері оны ақ киізге отырғызып көтеріп, төбесінен алтын мен күміс теңгелер құйған. Бұқар әмірі оның парасат болмысына сүйсініп «мұсылмандар әмәре» деп атаған. Арынғазының таққа отыру құрметіне арнайы хандық мөр құйдырып, алтын оқалы шапан пен арғымақ ат тарту еткен. Тек, Ресей патшасы ғана, Абылайды, Батырды, Қайыпты хан деп мойындағаны сияқты, аққаптал саясат ұстанып, Арынғазыны хан ретінде мойындамайды.

Арынғазы Әбілғазыұлының тарих сахнасына шығуы, Кіші жүздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелерге араласа бастауы Қазақстанның батыс өңіріндегі XIX ғасырдың басындағы ірі тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді.

Арынғазы Әбілғазыұлы соңғы жылдары патша әкімшілігінің қазақ даласына ықпалының күн санап артып келе жатқанын білетін. Оның үстіне Нұралы ұрпақтарымен, олармен жақсы сенімді байланыста болған Әбілғазы хан бауырлары Шерғазы Қайыпұлымен туыстық қарым-қатынасы Ресейлік отарлаудың мән-жайын ұғындыра түсті.

Халқының тоналып, қолға түскен Шекті руы қазақтарының құлдыққа алынуы, олардың қайғы мен қасіреті, елінің тағдыры туралы жете ойланған Әбілғазы көп ұзамай 1815 жылы қайтыс болды. Өлер алдында өзіне адал Шектілерге, үнемі жанында жүрген азаматтарға хан тұғырынан Арынғазы сұлтанды көргісі келетінін тапсырса керек. Шекті руы қазақтары 1815 жылы Арынғазы сұлтанның сенім білдіріп, хан тағына отырғызды. Хан сайлау Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Жанкент (бұл орта ғасырлық қала. Сырдарияның сол жағасында, Қазалыдан (қазіргі Қызылорда облысы) оңтүстік-батысқа қарай 20 км. жерде тарихи көне атауы Янгикент деген атпен белгілі. Қаланың көне атауы қазақша «Жаңа-мекен» деген мағына береді. Қаланың аты X ғасырдан бастап жазба деректерде аталады. Қала XIX ғасырдың бас кезінде қиратылған) қаласында өтті. Сахараның көне салты бойынша оны ақ киізге отырғызып, үстіне алтын мен күміс теңгелерді құйған. Шекті руы ішінде Арынғазы ханға тірек болғандар – Жақайым мен Кішкене аталары еді. Хан сайлауға Шөмекей, Жағалбайлы, Төртқара, Жаппас руларынан қолдаушылар қатысқан.

Арынғазы ханға сенім білдірген қазақтар оны Хиуаға бас имеген әкесі Әбілғазыдай батыл жүректі, халқының қамын ойлайтын саясаткер ретінде таныды.

Әкелі бала жау жүрек,
Жиын болса барады,
Барса орын алады,
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтара сенің жауыңды,
Күнінде тастап өтер жебесі, –
деген үмітпен артынан ерген жұрты Арынғазы ханға үлкен жауапкершілік жүктеді.

Арынғазы сұлтанның хан сайлануы XIX

ғасыр басындағы Кіші жүз ұлысындағы үлкен тарихи бетбұрыстың бастамасы болды. Оның хан тағына отырғанға дейін Әбілқайыр ұрпақтары – Нұралы, Ерәлі, Пірәлі, Есім хандармен, өз бауырлары – Кіші жүздегі Қарабай, Шерғазы сұлтандармен, Орта жүздегі Жантөре Жихангерұлы, Жұма Құдаймендіұлы, Баба Қайыпұлы ұрпақтарымен тату қарым-қатынаста болуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Арынғазы Әбілғазыұлы хан болып сайланғаннан кейін аз уақыт ішінде өзінің ақылдылығымен, ел басқаруға қабілеттілігімен Кіші және Орта жүз қазақтарының назарына ілікті. Оған, жоғарыда келтіргеніміздей, Кіші және Орта жүз ақсақалдарының Халық кеңесінде Арынғазы хандығын бекітуі дәлел болады. Хиуалықтардың шапқыншылық жо-

шариатына сүйенетін қазылар сотының билігіне ұштастырды. Мұсылман сотында басшылыққа алынатын шариаттың қайнар көзі – Құран екені белгілі. Ал қазы кез келген әлеуметтік ортадағы отбасылық, мұрагерлік, қылмыстық мәселелерге байланысты Құран, сунне мен шариат қағидалары негізінде төрелік айтып, шешім шығаратын мұсылмандардың азаматтық міндеттерін адал орындауын бақылайтын құқықтық пәрмен иеленуі. Ал қазақ билері Құранды ант алуда басты құрал ете отырып, бұрыннан қалыптасқан ата-баба жолына, заң қағида-ережелеріне сүйене отырып дау-дамайды шешкен.

Кіші жүздің барлық руын бір орталыққа топтастыру мақсатымен Арынғазы ел ішін аралап, дау-дамайларды шешуге

Ел қамын ойлаған

рығына қарсы азаттық қозғалыстың басы, Арынғазының ойынша, бүкіл қазақтың басын біріктіру еді. Осы мақсатта Арынғазы хан қазақ мемлекеттілігін нығайтуға септігі тиер істердің бастамасын жасаған еді. Яки, атамекені Сыр өңірінен Торғай, Ырғыз, Ор өзендері бағытына қарай ішкерілеп, Кіші жүздің саяси жағдайын реттеуге ұмтылды. Ол алдымен тұтастай Кіші жүз билеушілерімен қарым-қатынасты жақсарту қажеттігін сезінді.

Арынғазының хандық тұғырдағы алғашқы табысы ретінде Шөмекей руының Сырым, Бақсы, Аютоқман, Төбет, Құлдай бөлімдерін, содан кейін өзге де Әлімұлы руларын, оларға қоса Сыр бойындағы Алтын-Жаппас руын өзара келісімге келтіруін атауға болады. Бұл бағытта Әбілғазыұлы әдет-ғұрып және шариат заңдарына негізделген тәртіпті іс жүзіне асырды. Арынғазы хан мен Шерғазы сұлтан 1816 жылы 18 мамырда Г.С.Волконскийге жазған хатында қазақтардағы барымтаны тоқтаттық дей отырып, «оған қатысушы адамдардың осындай әрекеттері үшін болашақта өлім жазасына кесілетінін, ал дүние мүлкінің талан-таражға салынуының ескерттік», – деп хабарлайды. Мұндай жүзеге асырылып жатқан қатаң шаралар басында Арынғазы ханның өзі жүрді. Ол дәстүрлі мемлекеттік басқару ісіне де қайта құрулар жүргізгені белгілі. Сұлтандар, билер, қазылар, батырлар, ақсақалдар хан билігінің әлеуметтік тірегіне айналды. Ал өзі хан ретінде мемлекеттік басқарудың бұқаралық пішімі – Хан Кеңесін пайдаланып, негізінен ақсақалдар кесіміне арқа сүйеді.

Арынғазы хан ел басқару құрылымдарын – жасауылдар, сот, елшілік, қаржы істерін салаландырды. Хан ішкі саясатында хандық биліктен соң ұсақ рулық бытыраңқылықты жою үшін әр ру басыларының билігін шектеп, жасауыл лауазымын енгізді. Оларға жалақы төлеу халық есебінен жүзеге асты. Кіші, Орта жүз ақсақалдарының Хан Кеңесінде Арынғазыға бас көмекші етіп Шерғазы Қайыпұлын сайлауы хандықтың елшілік қызметін жандандыруға, көрші елдер, атап айтқанда, орыс үкіметімен, уақытша болса да Хиуамен тиімді келіссөз жүргізуіне жол ашты. Сұлтан Шерғазы Қайыпұлы немере інісі Арынғазы ханның барлық саясатын қолдап, мемлекет басқару ісіндегі сенімді тірегі болды.

Арынғазы мемлекеттегі жоғары сот билігін өзі жүргізді. Мемлекеттік басқаруда сот жүйесіне өзгеріс енгізді, яғни, қазақтың дәстүрлі құқықтық нормаларын мұсылман

араласқанда молда Қаражігіт Бектауұлына арқа сүйеген. Кейіннен қазы Қаржігітті Арынғазының ең сенімді адамы деп, ресми билік орындары толықтай бақылауға алған. Молда Қаражігіттің Арынғазының әкесі Әбілғазының жанында болғанын, Бұхарада 20 жылдай білім алғандығын көрсеткен.

Мұсылман соты істі ауызекі, көпшілік алдында, шариат заңдарына сүйеніп жүргізген, қазақтарда да сот ісі ашық аспан астында, жазылмаған дала заңы бойынша өткізілген. Арынғазы хан ел ішіндегі ұрлықпен, тонаумен, ұрлық барымтамен айналысқан қазақтарға үш жыл ішінде, қазы, билер қатысқан мұсылман сотымен 30-дан аса өлім жазасын қолданған.

Арынғазы Әбілғазыұлы қара қылды қақ жарған әділдігімен де, жеке-дара билеушілерге тән қаталдығымен де өзге сұлтандардан ерекшеленген. Сонымен қатар Арынғазы өте кешірімді де болған.

Қазақ хандығы тарихында Тәуке ханнан (1680-1718) кейінгі сот реформасын жасаған Арынғазы болды. Кезінде Тәуке хан «Дала конституциясы» аталған «Жеті жарғы» заңдары арқылы қазақтың дәстүрлі құқықтық нормаларына өзгерістер енгізе отырып, сот билігін өз қолына шоғырландырды. Тәуке заңдары бойынша сот құқығы мемлекеттік өкімет органдарына берілді.

Жалпы қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің кең тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, соған арқа сүйеген қуатты салаларының бірі болды. Сондықтан да Арынғазы хандығында сот билігі мемлекеттік биліктің белгілі бір саласы болып қана қоймай, сонымен бірге оның іске асуының белгілі бір көрінісі әрі басқарудың құралы болды.

Арынғазы хан елді бірлікте ұстау мақсатында қасына ерткен тобымен ел ішін аралап, рулар арасындағы дау-дамайды, арыз шағымдарды қарап, өзі шешкен. Арнаулы жарлығымен өзі билеген рулар арасында бір-бірінің малын рұқсатсыз тартып алуға тыйым салды, ал тартып алынған, ұрланған, барымталанған жағдайда малды билер, қазылар сотымен қайтартқызды.

Даулы мәселелерін шешу үшін Арынғазыға тек қана Кіші жүз рулары емес, Орта жүзден де қазақтар келіп шағымданған. Оған ел аузында қалған оқиға – Торғай елінен Арғындардың келуі дәлел болады.

Арынғазы ханның әділ де қатал төрелігі ғана емес, сонымен бірге жүйелі сөзге тоқтап, орынды уәжге көндіретін парасаттылығы да беделін бірден өсірді.

Арынғазы хан мемлекеттік құқық дәре-

жесін нығайту арқылы хандық басқару жүйесін бекіте түсті және руларды өзара татуластыру арқылы ұсақ руаралық алауыздықты тыйды.

Арынғазы Әбілғазыұлы хандықты күшейту бағытында салық саясатын жүргізді. Е.К.Мейендорфтың жазбасында: «Арынғазыға бағынған қазақтар жаңа сайланған ханын мойындай отырып, жай салықтың үштен бірін, ал ұшыр мен зекеттің үштен екісін беруге уәде берді», – деп көрсеткен.

Күтпеген жерден орыс әскерлерінің келіп күш көрсетуінің ақыры Арынғазының Сыр бойына, Темір Ерәліұлының Орскі бағытына, Қаратай Нұралыұлының Елек қорғанына қарай кетуіне алып келді.

Алайда, Арынғазының ел ішіндегі беделі мен ұстанған бағыты Ресей үкіметіне секем алдырады. Орынбордың әскери губернаторы генерал-лейтенант П.К.Эссеннің дем беруімен 1821 жылы Арынғазы Кіші Жүздің хандық билігін иемденіп қайту ниетімен Санкт-Петербургке аттанады. Көктен тілегін жерден бергендей, Ресей саясатының қанды шеңгелі Арынғазыны қайтып уысынан шығармайды. Ол 1823 жылы Калугаға жер аударып, 1833 жылы Шоқан Уәлиханов, Мұхамбет-Салық Бабажанов сияқты, белгісіз жағдайда, белгісіз себептен дүние салады. Елім деп еңіреп өткен есіл ердің сүйегі күні бүгінге дейін Калуга топырағында.

Тарихта аты қалған асылдарымыз қатарында, сөз жоқ, Арынғазы Әбілғазыұлының өзіндік орны ерекше.

Қазақта «ел ерсіз, ел ерсіз болмайды» деген аталы сөз бар. Қазақ даласын отарлап, XIX ғасыр басында Ресей ел ішіне ішкерілеп ене түскен сәтте Арынғазы хан тарих сахнасына көтерілді. Жай көпшіліктің бірі ретінде емес, қайта жарқырап «елім үшін, жерім үшін» деп қазақтың бірлігін сақтап, мемлекет дербестігінің түпкілікті жойылмауы, халқының тәуелсіздік рухының өрлеуі үшін барын салды.

Біздің міндетіміз – болашақ ұрпаққа Арынғазы Әбілғазыұлындай қазақ халқының қоғам қайраткерлерінің тарихтағы орнын, тындырған ісін, ой-арманын жеткізе білу, отаншылдық рухын келер ұрпаққа үлгі етіп көрсету. Тарихшы М.Қозыбаев: «Тарлан тарихты жасаушы – халық, буын-буын болып өскен, өнген оның перзенттері. Тарихта осы халықтың өкілдерін көрсетуіміз керек. Ер елдің асқар белі, ерсіз ел жетім, осы тарихты еңіреп жүріп қанмен, термен жазған халықтың батырлары, ақындары, шешендері мен көсемдері, сардар-бектері мен сарбаздары, келешек ұрпақ ата-бабаларының кім екендігін, кең жазира өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай қастерлегенін, Отан үшін жан пида болғандығын білуі керек. Ал осыны білмесе, олар мәңгірт болып өседі. Тамырсыз ағаштай ерте құриды», – деп орынды айтқан

Сонымен біз таныған Арынғазы Әбілғазыұлы халық басқарған ел басшысы, қоғам қайраткері және сегіз қырлы, бір сырлы, яғни, сөзге шешен, би, әрі батыр, әрі күйші, әрі сазгер ретінде тарихта есімі қалғанын байқаймыз

Иә, Арынғазы хан үшін бірлік, елдік, тәуелсіздік – бір-бірінен ажырамайтын түсінік. Ол біртұтас қазақ арасына алауыздық отын үрлеп, андысын андып отырған Ресей, Хиуа саясатына бірде қарумен, бірде келісім арқылы қарсы тұра білуге ұмтылды Кіші жүзде қалыптасқан саяси ахуалды ескеріп, ендігі жағдайда қазақты бөлмей, бір мемлекет астында ұстап, болашақ тәуелсіздікке жетер күн боларына сенді. Арынғазының ерекше жаралған болмыс-бітіміндей болып, оның сұлулық пен азаттыққа іңкәр асқақ рухындай болып артында «Арынғазы» күйі қалды. Ол күй аманат-өсиетіндей болып қазақ халқымен мәңгі бірге жасайды.

Ғали САНАЛИЕВ,

№ 19 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

Рудный қаласы.

Қостанай облысы әкімдігінің

2015 жылғы 16 қазан № 446 қаулысы

Әкімдіктің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 309 "Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 309 "Субсидияланатын гербицидтердің түрлерін және гербицид жеткізушілерден сатып алынған

гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5771 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының "Субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормалары" деген қосымшасы мынадай мазмұндағы 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213 - тармақтармен толықтырылсын:

194	ЛОРНЕТ, с.е. (клопиралид, 300 г/л)	литр	50	4025
195	СКАУТ, м.с.э. (феноксапроп-п-этил 140 г/л + клодинафоп-пропаргил 90 г/л + флоквинтоцет-мексил 72 г/л)	литр	50	3747
196	СОНРАУНД, 48% с.е. (глифосат, 360 г/л)	литр	50	700
197	ЭЛАНТ ПРЕМИУМ, к.э. (2-этилгексильный эфир 2,4-Д кислоты, 420 г/л + 2-этилгексильный эфир дикамбы кислоты, 60 г/л)	литр	50	825
198	2,4-Д ЭФИРАН, 82% с.е. (2 - этилгексильный эфир 2,4 дихлорфеноксиксусной кислоты, 820 г/л)	литр	30	499
199	АКТИВО, с.д.т. (трибенурон-метил, 375 г/кг + тифенсульфурон-метил, 375 г/кг)	килограмм	30	19985
200	БАНВЕЛ 480, с.е. (дикамба, 480 г/л)	литр	30	832
201	ГРЕЙЗ, 60% с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30	4456
202	ДЕФОЛТ, с.е. (глифосат, 360 г/л)	литр	30	360
203	КАНОНИР, қ.а.с. (тифенсульфурон-метил 750 г/кг)	килограмм	30	13878
204	КАРБУЗИН, 70% с.ұ. (метрибузин, 700 г/кг)	килограмм	30	1498
205	КРЕДИТ ИКСТРИМ, с.к. (глифосат в виде изопропиламинной и калийной солей, 540 г/л)	литр	30	564
206	МАГНУМ СУПЕР, с.д.т. (метсульфурон-метил, 300 г/кг + трибенурон-метил, 450 г/кг)	килограмм	30	10695
207	МЕГА СТАР, 60% с.ұ. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30	8399
208	СЕЛЕКТ, к.э. (клетодим, 120 г/л)	литр	30	1221
209	СТРАТОС УЛЬТРА, 10% к.э. (циклоксидим, 100 г/л)	литр	30	986
210	ТЕРЕКС, с.е. (глифосат кислоты 540 г/л)	литр	30	480
211	ЭСТЕРОН 600, к.э. (2,4-Д кислота в виде 2-этилгексильного эфира, 905 г/л)	литр	30	554
212	ФОРВАРД, май.к.э.(хизалофоп-п-этил, 60 г/л)	литр	30	1062
213	ЛОНТРЕЛ 300, с.е. (клопиралид, 300 г/л)	литр	30	2232

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. МҰХАМБЕТОВ.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 30 қазанда № 5975 болып тіркелген.

Постановление акимата Костанайской области

от 16 октября 2015 года № 446

О внесении дополнений в постановление акимата от 23 июля 2015 года № 309 "Об утверждении видов субсидируемых гербицидов и нормы субсидий на 1 литр (килограмм) гербицидов, приобретенных у поставщиков гербицидов"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 4-4/306 "Об утверждении Правил субсидирования стоимости гербицидов, биоагентов (энтомофагов) и биопрепаратов, предназначенных для обработки сельскохозяйственных культур в целях защиты растений" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 23 июля 2015 года № 309 "Об утверждении видов субсидиру-

емых гербицидов и нормы субсидий на 1 литр (килограмм) гербицидов, приобретенных у поставщиков гербицидов" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5771, опубликовано 5 августа 2015 года в газете "Қостанай таңы") следующие дополнения:

приложение "Виды субсидируемых гербицидов и нормы субсидий на 1 литр (килограмм) гербицидов, приобретенных у поставщиков гербицидов" к вышеуказанному постановлению дополнить пунктами 194, 195, 196, 197, 198, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213 следующего содержания:

194	ЛОРНЕТ, в.р. (клопиралид, 300 г/л)	литр	50	4025
195	СКАУТ, э.м.в. (феноксапроп-п-этил 140 г/л + клодинафоп-пропаргил 90 г/л + флоквинтоцет-мексил 72 г/л)	литр	50	3747
196	СОНРАУНД, 48% в.р. (глифосат, 360 г/л)	литр	50	700
197	ЭЛАНТ ПРЕМИУМ, к.э. (2-этилгексильный эфир 2,4-Д кислоты, 420 г/л + 2-этилгексильный эфир дикамбы кислоты, 60 г/л)	литр	50	825
198	2,4-Д ЭФИРАН, 82% в.р. (2 - этилгексильный эфир 2,4 дихлорфеноксиксусной кислоты, 820 г/л)	литр	30	499
199	АКТИВО, в.д.г. (трибенурон-метил, 375 г/кг + тифенсульфурон-метил, 375 г/кг)	килограмм	30	19985
200	БАНВЕЛ 480, в.р. (дикамба, 480 г/л)	литр	30	832
201	ГРЕЙЗ, 60% в.д.г. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30	4456
202	ДЕФОЛТ, в.р. (глифосат, 360 г/л)	литр	30	360
203	КАНОНИР, с.т.с. (тифенсульфурон-метил 750 г/кг)	килограмм	30	13878
204	КАРБУЗИН, 70% с.п. (метрибузин, 700 г/кг)	килограмм	30	1498
205	КРЕДИТ ИКСТРИМ, в.к. (глифосат в виде изопропиламинной и калийной солей, 540 г/л)	литр	30	564
206	МАГНУМ СУПЕР, в.д.г. (метсульфурон-метил, 300 г/кг + трибенурон-метил, 450 г/кг)	килограмм	30	10695
207	МЕГА СТАР, 60% с.п. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	килограмм	30	8399
208	СЕЛЕКТ, к.э. (клетодим, 120 г/л)	литр	30	1221
209	СТРАТОС УЛЬТРА, 10% к.э. (циклоксидим, 100 г/л)	литр	30	986
210	ТЕРЕКС, в.р. (глифосат кислоты 540 г/л)	литр	30	480
211	ЭСТЕРОН 600, к.э. (2,4-Д кислота в виде 2-этилгексильного эфира, 905 г/л)	литр	30	554
212	ФОРВАРД, мас.к.э. (хизалофоп-п-этил, 60 г/л)	литр	30	1062
213	ЛОНТРЕЛ 300, в.р. (клопиралид, 300 г/л)	литр	30	2232

2. Настоящее постановление вводится в действие после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области

А. МУХАМБЕТОВ.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 30 октября 2015 года под № 5975.

"Назар аударыңыз, жүргінші!"

Қостанай облысы ІІД әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері "Назар аударыңыз, жүргінші!" республикалық акциясы аясында Рудный қаласында өзгеше акция өткізді.

Іс-шараның барысында тәртіп сақшылары жұртшылықтың назарын жолдағы қауіпсіздік мәселесіне аударды. Акция облыс орталығында басталды. "Жол қауіпсіздігі машинасы" Рудный қаласына бет алды. Мұнда полицейлерді жас жол инспекторлары, журналистер мен жергілікті жол полицейлері қарсы алды. Арнаулы бекет өтпе жолдың жанына келіп тоқтады. Осы жерде жүргіншілерге жол берген жүргізушілер анықталып, 30 жүргізушіге сыйлықтар тапсырылды. ОІІД ӘПБ аға инспекторы полиция майоры

Юрий Панасенконың айтуынша, жыл басынан бері облыста жүргіншілердің қатысуымен болған 186 жол-көлік оқиғасында 178 адам жарақат алып, 23 адам қаза тапқан. Сол себепті жолдағы қауіпсіздікке көптің назарын аудару мақсатында осындай іс-шаралар жүйелі түрде өткізілетін болады.

Такси жүргізушілерін тәртіпке шақырды

Қостанай ауданында бір күнде тәртіп сақшылары такси жүргізушілерінің 7 жол ережесін бұзу фактісін анықтады.

Құқық бұзушылықтар Затобол кентінде Калинин көшесіндегі аялдамалардың бірінде болды. Такси жүргізушілері автобус күтіп тұрған жолаушыларға келіп, өз қызметтерін ұсынған, сол жерде апатты жағдай тудырған. Такси жүргізушілері ҚР

Әкімшілік Кодексінің 597 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Полицейлер жүк және адам тасымалымен айналысатын жүргізушілермен түсінік жұмыстарын жүргізуде.

Екі жол-көлік апаты болды

Облыста қараша айының басында болған екі апатта бес адам зардап шекті.

Қостанай-Әуликөл-Сурган автожолында "HYUDAI H-1" автокөлігінің жүргізушісі Астанада Ресейге бара жатып көктайғақта рульге ие бола алмай, жолдан шығып кетті. Апаттың салдарынан үш жолаушы зардап шекті. Ал, Қостанай ауданында көктайғақтың салдарынан "Тойота-Рунер" және "Лада-Гранта" автокөліктері соқтығысты. "Ладаның"

жүргізушісі мен жолаушысы жарақат алып, ауруханаға түсті. Полицейлер ауайының өзгеруіне байланысты көлік жүргізушілерін сақтыққа шақырады.

Тәртіп сақшылары қысқы киімге көшті

Облыстың ішкі істер департаменті басшылары өз қызметкерлерінің формалық киімі мен жетондарын, қызмет куәліктерін, жалпы қысқы киімге көшу жағдайын тексерді.

Сап түзеу барысында тәртіп сақшылары формалық киімді кию тәртібінің талабына сәйкес ұқыпты киінгендерін көрсетті. Мұндай саптық байқаулар жүйелі түрде, жылына екі рет – көктемде және күзде өткізіледі. Қысқы киім үлгісіне көшкен тәртіп сақшылары қытымыр қыста қызмет етуге дайын.

"Агролидер-К" ЖШС сенімді тұлғасы кепілдік мүлкі соттан тыс өткізу тәртібімен жылжымайтын мүлкікті сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды:

– Бөлінетін жер телімі, жалпы алаңы 121,0 га, оның ішінде жыртылған жер -31,0 га, жайылым - 90,0 га, 26.02.2045 жылға дейінгі мерзімге, орналасқан мекенжайы: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Докучаев с/о, кадастрлік нөмірі 12-178-005-049, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған.

Башпаева Фарида Самаркановна, "Агролидер-К" ЖШС сенімді тұлғасы, 25.09.2015 жылғы №14 сенімхатпен іс-әрекет етеді.

Сауда 2015 жылғы 16 қараша сағ 11.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Докучаев с., "Д.Турлыханов и К" ШҚ офисі.

Сатып алу бағасын төлеу мерзімі мен тәртібі - сауда аяқталған сөттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде.

Қатысуға өтінімдер 15.11.2015 жылғы сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Силантьевка с., О.Шипин көш., 1. Анықтама үшін телефон: 87053049298.

Доверенное лицо ТОО "Агролидер-К" в порядке внесудебной реализации заложенного имущества проводит торги по реализации недвижимого имущества:

– Делимый земельный участок общей площадью 121,0 га, из них пашни -31,0 га, пастбищ -90,0 га, сроком до 26.02.2045 года, расположенный по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, Докучаевский с/о, кадастровый номер 12-178-005-049, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства.

Башпаева Фарида Самаркановна, доверенное лицо ТОО "Агролидер-К", действующий по доверенности №14 от 25.09.2015 года.

Торги состоятся 16 ноября 2015 года в 11.00 по адресу: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Докучаевка, офис ТОО "Д.Турлыханов и К".

Порядок и сроки уплаты покупной цены - в течение 10 календарных дней с момента завершения торгов.

Заявки принимаются в срок до 18.00 часов 15.11. 2015 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Алтынсаринский район, с. Силантьевка, ул. О. Шипина, 1. Телефон для справок: 87053049298.

"ГУ "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Лисаковска" 110000, г. Лисаковск, ул. Мира, д. 31, каб. 36 объявляет конкурс на занятие вакантной должности генерального директора ГКП ПХО "Лисаковскгоркоммунаэнерго" акимата города Лисаковска (110000, г. Лисаковск, ул. Верхнетобольская, 9, телефон: 871433- 3-08-30).

Основная деятельность предприятия:

1. производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергии;

2. передача и распределение электрической энергии;

3. оказание услуг по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (услуги водохозяйственной системы);

4. отвод и очистка сточных вод (услуги канализационной системы);

5. транспортировка газа по распределительным трубопроводам.

Требования, предъявляемые к участникам конкурса: высшее образование, соответствующее профилю предприятия (инженерно-техническое либо экономическое), стаж работы на руководящих должностях в соответствующей профилю предприятия отрасли экономики не менее пяти лет.

Перечень обязательных документов, предоставляемых для участия в конкурсе:

1. заявление об участии в конкурсе;

2. резюме на государственном и русском языках;

3. автобиография;

4. копии документов об образовании;

5. копия трудовой книжки или трудового договора, либо выписки из при-

казов о приеме и об увольнении с последнего места работы;

6. справку о состоянии здоровья по установленной форме.

Решение о допуске к участию в конкурсе принимается при наличии всех документов.

Дополнительно может быть представляться информация, касающаяся образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, рекомендации с предыдущего места работы).

Документы должны быть представлены в течение 15 календарных дней со дня опубликования объявления по адресу: ГУ "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Лисаковска", 110000, г. Лисаковск, ул. Мира, д. 31, каб. 36.

Справки по телефонам: 8 (71433) 4-02-96; 8 (71433) 3-16-54.

Лисаков қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ 110000, Лисаков қ., Мир көш., 31 үй, 36 бөл. Лисаков қаласы әкімдігінің "Лисаковқалкоммунэнерго" ӨШБ МКК бас директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (110000, Лисаков қ., Верхнетобольская, көш., 9, телефон: 871433-3-08-30). Кәсіпорынның негізгі қызметі:

1. жылу қуатын өндіру, ұсыну, тарту және қамтамасыз ету;

2. электр қуатын ұсыну және тарату;

3. магистральды құбырлар мен тарту желілер арқылы суды беру бойынша қызметтер (су шаруашылығы жүйесінің қызметтері);

4. ағын суды бұрып жіберу және та-

зарту (канализациялық жүйенің қызметтері);

5. тарту құбырлары арқылы газды беру.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: кәсіпорынның бағдарына сәйкес келетін жоғары білім (инженерлік-техникалық немесе экономикалық), кәсіпорынның бағдарына сәйкес келетін экономика саласындағы басқарушы лауазымдарда жұмыс етілі бес жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын міндетті құжаттардың тізімі:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2. мемлекеттік және орыс тіліндегі түіндеме;

3. өмірбаян;

4. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5. еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының көшірмесі, немесе соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6. бекітілген нысан бойынша денсаулық жайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім барлық құжаттар болғанда қабылданады.

Білімге, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныстар) ақпаратты қосымша ұсынуға болады.

Құжаттар хабарландыруды жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: "Лисаков қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ 110000, Лисаков қ., Мир көш., 31 үй, 36 бөл.

Анықтама телефондары: 8 (71433) 4-02-96; 8 (71433) 3-16-54."

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды: Экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, "Д-О-4" санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Жоспарлау және облыстың медициналық ұйымдарын қаржыландыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: - жоғары экономикалық, бухгалтерлік, қаржыгерлік. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық, бухгалтерлік, қаржыгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мандандуына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы

19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыруды соңғы жарияланған сөттен бастап 10 жұмыс күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Қостанай қ., Быковский көш, 4 а, 311 кабинет. Анықтама телефоны: 8-714-2-390-517, факс 8-714-2-390-522, odzkostok@yandex.ru электрондық мекенжайға ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттарды көрсетіле отырып, құжат тігілетін


мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей ұсынады. Құжаттардың түпнұсқасын бермеген жағдайда тұлғаларға әңгімелесуге өтуге рұқсат етілмейді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 күн ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссия жұмысының әйемділдігі мен өділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурстық комиссияның отырысында бақылаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушылар ретінде қатысу үшін тұлға әңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен көшіктірмей, "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" ММ кадрлық қызметінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға кадрлық қызметке жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға қатынасын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүру, тұратын орынды жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ



Құттықтаймыз!

Халқыңның ардақтысы бола бер

Аманкелді ауданының тұрғыны, досымыз **Абай Көрімұлы АЙТМАҒАНБЕТОВ** үстіміздегі жылғы 4 қарашада 60 жасқа толады.

Ол бұл күндері Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры, жоғары санатты ұстаз. Ол әрқашанда өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, қарапайым да кішіпейіл адамгершілік қасиеттерімен дараланады.

Абай Көрімұлы өзінің жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі сіңірген ерекше еңбегі үшін 2008 жылы "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісімен, 2013 жылы "Ерен еңбегі үшін" медалімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өмірлік жары екеуі перзенттеріне ғибратты тәрбие берді. Қазір соның жемісін көріп отыр. Біз аса қымбатты досымызды мерейтойымен құттықтаймыз. Оған алдағы уақытта да мықты денсаулық тілей отырып, немерелерінің қызығына тоймай, ұрпақтарының қуанышына бөлене берсін дейміз.

Ең ізгі тілекпен достары: Шамғон-Зоя, Мұрат-Алмагүл, Бахыт-Нағима, Сәбит-Күләш, Болат-Гүлшо, Калаш, Сәкен, Асхат-Гүлмира, Мұхит-Сәуле.

Жарнама бергіңіз келсе 54-33-22, 54-99-69 (факс)

● ЕСКЕ АЛУ

Жан ағамыз Мажитов Шоқан Уәлиханұлын еске алу

Өмірде бауырдан ыстық, бауырдан жақын жан бар ма. Бір анадан туып, ақ сүтті бірге емген ең аяулы жаннан артық жан жоқ шығар, сірә. Бүгін біз әулетіміздің үлкені, анамыздың тірегі, жанымыздай жақсы көрген қамқоршы ағамыз **Шоқан Уәлиханұлын** күрсіне отырып, көзімізге жас алып еске аламыз. Еске алу деген сөздің өзі қандай ауыр. Жүрек толқып, амалдың жоқтығынан қимастықпен жансыз бейнесіне қараймыз. Егер бүгін ағатайымыз тірі болғанда қараша айының 4-ші жұлдызында 60 жасты алқындап, арқа-жарқа болып ортамызда отырар ма еді. Өттең...

Ағамыз Шоқан деген атқа лайық азамат еді. Жарқырап ортасын толтырып жүретін. Елге, өзінің ортасына танымал, өмірден түйгені, оқығаны мен тоқығаны, көргені көп, көкірегі ояу, ішкі жан дүниесі мол, ағаға – іні, ініге – аға бола алатын алтын азамат болатын. Мінезі балаша аңқылдаған ақкөңіл, қолы ашық, жұмысына сондай тиянақты, адал, жанашыр жан еді. Қай-қайсымызға болмасын бауырмалдық танытып, әр бауырының орнын жоғары қоятын. Осындай күндерде ағамыздың орны ойсырап тұрғанын сезіп, жүрегіміз сыздайды.

Үш жыл өтті сен жоқсың арамызда, Сен едің ғой қамқоршы панамыз да. Ақылды да, ақкөңіл жайдарың-ай, Сағынумен сені еске аламыз да.

Көре алмай дүниенің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір көрілігін. Жарқырап келе жатқан ағатайым, Өттең-ай! Ерте сөнді-ау от-ғұмырың.

Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын.

Сағынышпен еске алушылар: анасы, бауырлары.

Еске алу

Аяулы да ардақты анамыз, әжеміз, бауырымыз, Шолақсай ауылының тұрғыны **Зәуре Малайдарқызының** дүниеден өткеніне биыл бір жыл толды. Ортамызда болғанда 4 қараша күні 60 жасқа келер еді.

Зымырап өтіп жатқан уақыт өзіңізді бізден алыстатса да, жүрегімізде мәңгі қаласыз. Жәннат төрінен бізді бақылап, біздің бақытымызға куә болсаңыз екен. Өзіңіз жетпеген жасқа балаларыңыз, немерелеріңіз және бауырларыңыз жетсін. Жатқан жеріңіз жайлы, қабіріңіз нұрға толсын.

Сағынышпен еске алушылар: аға-жеңгесі, балалары, немерелері, жиендері.



Еске алу

2015 жылдың 3 қазан күні 91 жасқа келген шағында Қостанай қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, ардақты әкеміз, сүйікті ағамыз **Нұрманғалиев Әбдір** дүниеден озды. 69 жыл отасқан анамыз Рауза екеуі 9 бала тәрбиелеп, өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған, 30 немере, 31 шөбере сүйген бақытты жандар.

Әкеміз екінші дәрежелі "Отан соғысы" орденімен, "1941-1945 ж., Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен және басқа да көптеген наградальармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Әбдір Нұрманғалиұлы Отан алдында, өз ұрпақтарының алдында әкелік, аталық парызын өтеген абзал жан.

Немерелер, шөберелер есуде, Мақтанарлық әке осындай ұрпағың. Топырағың торқа болғай – жан әке, Болсын орның жұмақтың нақ төрінде.

Қашанда әулетіңнің мақтаны едің, Жүреді жүректерде сақтап елің. Сағынып еске аламыз, әке сізді, Мәңгілік жайлы болсын жатқан жерің.

Еске алушылар: жұбайы – Рауза, балалары, немере-шөберелері.

* * *

Асқа шақырамыз

Әкеміздің 40-ына арналған ас қарашаның 14-інде, Қостанай қаласы, Текстильщиктер к-сі, 21., "Салтанат" мейрамханасында, сағат 13.00-де беріледі. Сол асқа ағайын-туыс, құда-жежкат, жолдас-жораларын шақырамыз.



● ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

...Қалың қазақ елі тартқан сыбызғыдағы салқын саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі ішекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш ішекті тіліне оралған көп күйлердің ескі-жаңасы – тегіс тарих үшін елеулі бұйым, – деп Мұхтар Әуезов айтып кеткен болатын. Сондықтан өз елін, өзінің кіндік кескен туған жерін, ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық музыка мәдениетін сүймейтін адам жоқ деп ойлаймын. Қай халық болмасын өзінің атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақтап, қымбат қазынасына айналдыр-

самбльдердің кәсіби шеберлігін арттыруда облыс мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген ҚР мәдениет қайраткері, қазақ ұлт-аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, мақтан тұтар шәкіртім Назымбек Молдахметовтің еңбегін ерекше атап өткеніміз жөн.

Жуырда қазақ хандығының 550 жылдығына арналып өткізілген ауқымды шараның бірі – Қостанай өңірінің қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдерінің басын қосқан өнер фестивалі болды. Облыстық "Ғасырлар пернесі" деген атпен өткен



Ұлттық өнерді ұйыстыра білген

ған ұлттық музыка өнері және әр халықтың белгілі бір өз ішінде кең тараған, өріс аспаптары да болады.

1980 жылы Арқалық қаласында он екі адамнан құрылған ансамбль дүниеге келген болатын. Бүгінде ол оркестр болып, әр аспапта қызмет етушілер саны елу алты адамға толығып отыр.

Қаланың қазақ ұлт-аспаптар оркестрі тәжірибе жағынан, репертуар жағынан да өз көмегін көрсетуге қашан да әзір. Тәжірибе алмасу мақсатында облыстық халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырған шеберлік дәрістерін өткізіп, облысымыздағы өзге де қазақ-ұлт ансамбльдерімен тығыз байланыс жасап келеміз.

Бүгінгі таңда өңірде халық музыкасы, ұлттық классикалық өнерді насихаттап, дамытып, ең бастысы, өскелең ұрпақ санасына сіңіру жолында еңбек етіп жүрген өнер ұжымдарының орындаушылық деңгейі өсіп келе жатқаны байқалады. Осы ан-

мәдени шарада халық өндері мен күйлері, классикалық туындылар мен шығармалары жоғары талғамға сай орындалып, ансамбльдердің өнер бәсекесінде бір-бірінен асып түсуге талпынғанын көрдік. Аға ұстаз ретінде ойыма түйгенім, Айбек Сыздықов жетекшілік ететін Алтынсарин ауданының "Мұрагер" ұлт-аспаптар ансамблі, Жанкелдин ауданының "Ғасырлар пернесі" халық ансамблі (жетекшісі Бақыт Төлебаев), Аманкелді ауданының "Торғай толқындары" қазақ ұлт-аспаптар ансамблі (жетекшісі Кенжеболат Ахметов), Әбдібеков Марғұлан жетекшілік ететін Федоров ауданының қазақ ұлт-аспаптар ансамбльдері дыбыс бояуларын байытып, орындаушылық мүмкіншіліктерінің арта түскенін аңғартып отыр.

Әсіресе, көп уақыт бойы жоғалып пайдаланылмаған қазақтың көне шертер аспабын шеберлікпен меңгерген жастардың бар екендігі қуантады. Шертердің ди-апазоны өте үлкен болғандықтан

күмбірлі қоңыр дыбыстар үндестігі зор дыбыс беріп тыңдаушыны тамсандыратыны сөзсіз. Шертерде төкпе, шерте және ілме күйлер орындалып, көрермен көңілінен шықты. Ансамбльде одан өзге, төрт ішекті қобыз, сым ішекті домбыралар, біржақ тілді сырнайлар сынды өзге де қазақтың музыкалық аспаптарын енгізсе, одан сайын әрлене түсері анық.

Музыка – халықтың жаны десек, жолбарыстай қайратты батырлар мен ақындар, ел билеген көсемдер, небір дүлдүл шешендер, ақылы асқан даналардың өрлігі, өліміздің елдігі, бабаларымыздың ерен ерліктері музыка арқылы жастардың бойына отансүйгіштік рухын ұялатары анық. Ендеше, ұлтымыздың өнерін дәріптеуге бағытталған мәдени іс-шараларды ұйымдастырып жүрген облыстық халық шығармашылығы орталығына ағалық алғысымды білдірмін.

Боранбай ӘБЕНОВ,
ҚР мәдениет қайраткері.
Арқалық қаласы.

● БІЛІМ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Шәкірт жанын баураған

"Мектептің жүрегі", "Бала жанының бағбаны"... Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласары сөзсіз. Осының бәрі менің өріптестеріме арналған теңеулер. Мақтауға лайық мұғалімдердің бірі – Роза Ахметова. Ол №7 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Өріптесімнің ұстаздық мамандықты игергеніне де 22 жылдың жүзі болыпты. Жүйткіген уақыт-ай десеңізші! Осы уақыт аралығында отбасында аяулы жар, үш баланың анасы атанса, ұжымында кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген жаңашыл ұстаз қатарында көріне білді. Педагогтар арасындағы республикалық "Жарқын белес" форумына қатысып, облыстық педагогикалық оқуларда білімін шыңдады.

2012 жылы алғашқылардың бірі болып, Кембридж курсының үшінші деңгейін тәмамдады. Дәстүрлі сабақ пен дәстүрлі емес сабақтың жер мен көктей айырмашылығын көрді. Шәкірт игілігі үшін қиындыққа мойымады, жарқын болашаққа қарымды қадам жасады.

Ұстаз міндеті шәкірттің бойындағы талантты шыңдау. Роза Ахметова да өзінің шәкірттері үшін тер төкті. Соның арқасында қалалық олимпиадаларда үнемі бағы жанса, Аружан Оңғарбекова сынды шәкірті республикалық ғылыми жобада "Ұялы телефонның зияны" тақырыбын қорғап, бірінші орынға ие болды.

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА.

Рудный қаласы.

СУРЕТТЕ: бастауыш сынып мұғалімі Роза Ахметова.



Тілдер олимпиадасының жеңімпазы

Гүлназым САҒИТОВА

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында үш тілді жетік білетін жастар арасында "Тіл – тұнық ойдың көусары" атты республикалық олимпиада өткізді. Олимпиаданың мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білетін қабілетті жастарды анықтау және қолдау, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу. Міне, осы тіл олимпиадасында облысымыздың намысын Қостанай ауданындағы Н.Наушабаев атындағы қазақ орта мектебінің мұғалімі Әйгерім Ақтас қорғады. Ол өзінің біліктілігі мен білімін көрсетіп, 2 орынды иеленді.

СУРЕТТЕ: Әйгерім Қаныбекқызы.



Меншік иесі:

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақыл жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мауленов көшесі, 18. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10537. Тапсырыс 2420. Нөмірдің кезекші редакторы: Айбек КӘДІРҰЛЫ.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Желтый
Черный